

Теміртау жылудан тарықпайды

2-бет



Мыс балқытқан майталмандар

4-бет



Кенесарының түр-тұлғасы туралы не білеміз?

5-бет



1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

# ORTALYQ QAZAQSTAN

Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz

СЕНБІ, 15 ШІЛДЕ, 2023 ЖЫЛ №77 (23 253)

www.facebook.com/ortalyq.kz info@ortalyq.kz

## Құрметті металлургия саласының қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз Металлургтер күнімен шын жүректен құттықтаймыз.

Металлургия өнеркәсібі біздің аймақ пен жалпы ел үшін үлкен маңызға ие. Күн сайын металлургтер, жұмысшылар мен инженерлер біздің экономикамыздың дамуына елеулі үлес қосып, еліміздің әл-ауқатын арттыру жолында қажымай-талмай еңбек етіп келеді.

Бүгін біз Қарағанды облысының металлургия кәсіпорындарында еңбек етіп жүрген барлық азаматтар мен осы саланың дамуына еңбек сіңірген ардагерлерімізге алғысымызды білдіреміз.

Сіздерді шын жүректен кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отырып, барлықтарыңызға зор денсаулық пен бақыт, еңбектеріңізге табыс тілейміз!

**Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,**  
Қарағанды облысының әкімі

**Нүркен ҚОБЖАНОВ,**  
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

## ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

## Оқушылар тегін жүреді

Теміртау қаласында кейбір санаттағы мектеп оқушылары қоғамдық көлікпен тегін қатынайды. Теміртау қалалық мәслихаты білім беру ұйымдары оқушыларының бірқатар санатына қоғамдық көлікпен 100 пайыз жеңілдікпен жүруіне рұқсат беретін шешім қабылдады. Ашық НҚА порталында жарияланған шешім жобасын талқылау 18 шілдеде аяқталмақ.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жеңілдік қалада тұратын мектептің, интернаттардың оқушыларына, техникалық және кәсіптік білім беру студенттеріне (жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балалар, сондай-ақ, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен шамасынан төмен балалар, жасына байланысты мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын отбасылардан шыққан, бірақ қалада оқитын балаларға) беріледі.

Дегенмен, бұл жеңілдік қаникул, мереке және демалыс күндері қолданылмайды.

Еске сала кетейік, 1 мамырдан бастап Қарағанды қаласында 18 жасқа дейінгі балалар үшін қоғамдық көлікпен тегін жол жүру енгізілді. Ол үшін балалардың арнайы транспорт картасы болу керек

## ЕРТЕҢ – МЕТАЛЛУРГ КҮНІ

# Құрыш құйып, болат балқытқандар

Адам баласы металл өндірумен мыңдаған жылдар бойы айналысып келеді. Қазақстандық өнеркәсіптің жетекші саласының бірі – металлургия. Қазақстанда металлург күні Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылдың 15 қарашадағы Жарлығы бойынша шілденің үшінші жексенбісі ретінде бекітілді. «Металлургтер өз кәсіпорны мен елінің болашағына оптимистік көзқараспен қарайды», – деп бағамдайды Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Металлургия – грек сөзінен аударғанда – «металл өңдеймін») ғылымның, техниканың, өнеркәсіптің кеннен немесе басқа да материалдардан металл алу үдерістерін, сондай-ақ, металл қорытпаларға олардың химиялық құрамы мен құрылымын өзгерту арқылы қажетті қасиеттер беруін қамтитын әртарапты саласы.

Индустриялық даму комитеті заманауи металлургия мыс, мырыш, қалайы, корғасын кен орындарында қарқынды даму үстінде екендігін мәлімдейді. Осы арқылы Қазақстан әлемдегі ең қатерлі қымбат металл – осмийдің жалғыз экспорттаушысына айналды. Күміс, алтын өндіру елдің алтын-валюта қорларының басты көздерінің бірі.

Қарағанды – Қазақстан металлургиясының мәйегі. Бұған Шығыс Қазақстан мен Павлодарды қоссаңыз, металлургиялық кәсіпорындардың 68%-ы шоғырланған. Әр жыл сайын металлургия өнімін өндіру көлемі кемінде 5-6 млрд. теңгені шамалайды. Кейінгі бес жылда тау-кен металлургиясы өндірісінің көлемі екі есеге жуықтады. Қара және түсті металлургия мұнайдан кейінгі бюджет түсімдері бойынша екінші орында. Сарыарқаның сайын даласында пайдалы қазбалардың бай қоры мен энергетикалық ресурсы менмұндайды. Кәсіпорындар легі шойын, болат, кара металл илемдері, сондай-ақ, өзге де бұйымдарды өндірумен айналысады. Кәсіпорындар өнімдері әлемнің Ресей, Қытай, Түркия, АҚШ, Болгария сынды елдеріне экспортталады.

Металлургияның болашағы бұлтсыз да емес. Өнімді шетелге жеткізуді одан әрі арттыру үшін отандық және шетелдік өндірушілердің бәсекелестік таразысын тенеістеру мақсатында бұл секторды жаңғырту, оған қоса пайдалы қазбалардың жаңа кен орындарын игеру қажет.

Қазақстанның географиялық орналасуы да «тәңірінің өзі берген күндей» жайлы. Республика темір, уран кендерін, алтын және басқа да металдарды өндіру бойынша көшбасшы елдердің қатарына




кіреді. Қазақстанда металлургия өркендеп, көптеген мемлекеттік және шетелдік инвесторларды тартатыны таңғаларлық емес.

Қазақстанмен қатар, бұл мерекені Армения, Беларусь, Украина және Ресей атап өтеді.

Банк пен сауда, полиция және әскер, денсаулық сақтау һәм білім беру, мәдениет әрі дипломатияның маңызын мадақтағанымызбен, бұл саланың металл өндірісінің мәнсіз масыл күйге түсері айдан анық. Бұл – қай қоғамның да қарышты дамуының өзегі. Қазақстанда Металлург күні осындай ерекше мәнге ие болуы әсте ғажап емес. Отандық өнеркәсіп өнімінің 12%-ы дәл осы салаға тиесілі. Металлург күні Қарағанды, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Павлодар өзге кенді облыстардың қалалары мен кенттеріндегі бас кәсіби мерекесі.

## Жалпы өнімге қатысты отандық металлургияның өндіріс көлемі



ДЕРЕККӨЗ: ҚР стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі ұлттық статистика бюросының есеп дәйегі

теген еңбек ұжымдары атап өтеді. Кәсіпорын ұжымдары дәстүрлі түрде орталық көшеде атойлаған шерумен өтеді. Мәдени, спорттық іс-шаралар, көркемөнерпаздар мен танымал өнер ұжымдарының

көтерген түрлі ескерткіштер мен нысандарға қамқорлық етуге мән беруде.

Жердің кенін елдің ырысына айналдыратын «алхимиктер» қауымының төл мерекесі құтты болсын дейміз!

# Шаңырақтың шырқын бұзсаңыз, жаза – қатан

Әдетте, мемлекет ішіндегі шағын мемлекет деп есептейтін отбасының берекесіздігі бүгінде қоғамды кәдімгідей ойлантты. Өйткені, жыл өткен сайын шаңырақтағы бала-шағаны шырғалдатқан зорлықшылар қатары кемімей тұр. Бұл, шыны керек, мемлекеттік маңызды іске айналды. Сол себепті де, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей тапсырмасымен отбасы құқық қорғайтын заңнамалар едәуір өзгерістерге ұшырады. Дәлірек айтқанда, осы жылдың 19 мамырынан Қылмыстық кодекстегі, ал, 1 шілденің Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстегі өзгерістер заңды күшіне енді. Осыдан біраз бұрын өткен Ішкі істер министрлігінің алқа отырысында Президент бұл салаға ерекше назар аудару керектігін тағы еске салды. Мемлекет отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылыққа уайым кешеді.

Қызғалақ АСҚАРҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

## «Заң түзелді, сіз де түзеліңіз!»

«Отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмысының тиімділігін арттыруға ерекше назар аудару керек. Статистика көңіл көншітпейді. Соңғы екі жарым жылда үйдегі зорлық-зомбылықтың салдарынан 300 адам көз жұмды. Денсаулыққа ауыр зиян келтірудің 878 фактісі және орташа зиян келтірудің 808 фактісі тіркелген.

Осындай құқықбұзушылықтар бойынша 37 мыңнан астам адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Бұл жерде уәкелілік инспекторлар шешуші рөл атқарады. Уақытылы шаралар қабылдана, отбасылық және тұрмыстық ұрыс-керіс кезінде жасалған қылмыстардың көпшілігінің алдын алуға болар еді.

Яғни, біреудің өмірі мен денсаулығын сақтап қалар едік. Мұны тәжірибе көрсетті. Қоғам сіздерден отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы тиімді әрі жүйелі іс-әрекет күтеді. Бұл мәселе әділетті мемлекет құру үшін өте маңызды», – деді Президент.

3-бет



РЕФОРМА –  
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР



ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 494.83

•USD/KZT 443.40

•RUB/KZT 4.92

•CNY/KZT 61.91

Қазақстан Ұлттық Банкінің 14 шілде, 2023 жылғы дерегі бойынша



• БАСПАСӨЗ ТУРЫ

# Теміртау жылудан тарықпайды

Бытыр қыс ортасында оқыстан жылусыз қалған Екібастұз өзге өңірлерге сабақ болғандай. «Бұл жағдай мемлекеттік органдар мен табиғи монополия субъектілерінің жылу маусымына жауапсыз қарайтынын көрсетті», – деген болатын ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңестірген отырысында.

Металлургтер қаласында тек өткен жылыту маусымында 400-ге жуық апат орын алған. Сан қорқыныш ұялатады. Келер қыс қызылтынас үшін даярлық тастуың болу қажеттігін облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев та қадап ескерткен еді. Кешегі кеңес үкіметінде орнаған жылу құбырларының 70%-ға жуығының өбден тозығы жеткен көрінеді. Қала билігі осы олқылықтың орнын толтыруға мүдделі. Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне арнайы ұйымдастырылған баспасөз турында Теміртау қаласының әкімі Ораз Тәуірбеков бұл бағыттағы атқарылып жатқан істердің бір парасына тоқталып өтті.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Алдымен апатты нүктелер тіркеліп, биылғы жөндеу бағдарламасының тізіміне енгізілген. Гәп – жылу желілерін барынша жаңарту қажеттігінде. Ал, жаңартылатын құбырлардың жалпы ұзындығы – 34 шақырым шамасында. Межеленген жұмыс басталып та кетті. Әр учаскені бөліп алған мердігер компания өкілдерінің жылу құбырларын жаңартып жатқан қам-қарекетіне тілшілер қауымы куәгер болды. Мәселен, 14 шақырым жылу желісі монополисті – «Оқжетпес» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкершілігіне жүктелді.

– Жөндеу жұмысы жергілікті әрі республикалық қазынадан қаржыландырылады. Қарастырылатын қаржы көлемі 5 млрд. теңгеден асты. Республикалық бюджеттен 1,2 млрд. теңге, қалған қаражат қала бюджетінен жұмсалуда. Үшінші магистральда құбыр жеткізуде екі апталақ кідіріс болды. Жұмыс кестесіне тиісті өзгерістер енгізілді. Қаладағы жылу желілеріміздің жалпы ұзындығы – 425 шақырым болса, биыл 34 шақырымды жаңартып жатырмыз. Жылу желісін жаңартуда жоспардың 50%-ы орындалды. Тағы бір мән берерлік мәселе – кейбір тұрғындар мен қоғам белсенділерінің «үй жөргөлесіндегі құбырлар ескірген, магистральді жаңартқанымен, мәселе түбегейлі шешілмейді» деген сынды уәждері. Ол – негізсіз. Жылыту желілерін жаңарту жұмыстарын AMANAT партиясы және қоғамның сенімді өкілдері тікелей тексереді. Жылдамдық та, сапа да маңызды. Жылу құбырлары заманауи калыпта полиэтиленді материалдармен қапталды. Бұл өз кезегінде құбырдың тот баспауына кепіл, – дейді Ораз Қай-



саұлы.

– Теміртау қаласындағы Амангелді көшесінде 1800 метрлік 531 құбырға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Оның 500 метрге дейін еңсердік. Бұдан бөлек, жолдың жиектерін абаттандырамыз. Құбыр полиуретанмен оқшауланған. Полиэтиленді қабықшасы бар. Арнайы сымдары автоматты түрде апат шыққан жерден хабар алуға мүмкіндік береді. Әр құбыр қашықтан басқару жүйесімен жабдықталған. Егер құбырдан кенеттен ақау шықса, сигнал бірден орталық басқару

бөлмесіне өтеді. Пайдаланушы ұйымда қашықтан басқару құралы болады, ол апат болған орынды бірден анықтауға және оны жоюға мүмкіндік береді. Өзірге мұндай диспетчерлік бөлме Теміртауда жоқ. Қысқасы, жаңа технология жылу сапасын арттырады. Әлбетте, құрылыс бағасы жыл сайын шарықтағанымен, көпжылғы келісім жұмысымыздың жүйелі жүргізілуіне кепіл болып тұр, – деп түсіндіреді компанияның техникалық директоры Ержан Молдыбаев.

Мердігер отандық өндіруші – астаналық компания өнімін пайдаланады. Мұндай құбырға 30 жыл кепілдік беріледі.

Бірақ, тек құбырларды жөндеумен шектелуге болмайды деп есептейді Теміртау әкімі. ҚарГРЭС-1 және ЖЭО-2 жылу көздерін жаңарту маңызды. Олар өндіретін жылу

энергиясының көлемі қаланың барлық нысандарын жылыту үшін жеткіліксіз. Жалпы тапшылық – 200 Гкал.

– Мәселенің бірнеше қыры бар. Қазір ЖЭО-2-де жетінші қазандықтың құрылысы жүруде. Өзір кестеде ауытқушылық бар. Жеке сектор мен жекелеген заңды тұлғаларды газдандыру жалғасуда. Жылу желілерін ауыстыру 30%-ға жете-

• БРИФИНГ

# Браконьерлер тыйылмай тұр

Табиғи ресурстарды қорғау мен көбейтудің маңызы зор. Әсіресе, балықты шамадан тыс аулау олардың құрып кету қаупін тудырады. Осы орайда, су айдынындағы балық және өзге де су жануарларын қорғау үшін жыл сайын түрлі акциялар ұйымдастырылады. Алайда, бұл уақытша шектеу шараларын назарға алмайтындар да бар. «ІТ қорыған жерге ош» демекші, шектеу шараларын «көзге ілместен» балық аулап, «қармаққа» түскендердің қарасы қалың. «Балық сатамын» деп басы пәлеге қалып, айыппұл арқалағандар туралы «Нұра-Сарысу» облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы» РММ басшысының орынбасары Бекзат Мақажанов өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте мәлім етті.



Сағынш ӘБІЛ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Сәуір айының соңында басталған «Уылдырық шашу-2023» және «Таза су айдындары» табиғат қорғау акцияларының қорытындысы нәтижесінде бірқатар заңбұзушылықтар анықталған.

Жалпы, Нұра-Сарысу бассейнінің аумағында жергілікті маңызы бар 224 балық шаруашылығы су айдыны және республикалық маңызы бар 2 су айдыны бар. Оның ішінде, жергілікті маңызы бар 120 су айдыны, республикалық маңызы бар 9 учаске жануарлар дүниесін пайдаланушы 91 шаруашылыққа бөлінген. Ал, жергілікті маңызы бар 98 су айдыны мен республикалық маңызы бар 7 учаске резервте тұр.

– Балық шаруашылығы комитетінің бұйрығына сәйкес, балық және басқа да су жануарларының биоалуандығын түрлендіру, сонымен қатар, балықтардың уылдырық шашу, балық ресурстарының табиғи өсімін ұлғайту үшін қолайлы жағдайлармен қамтамасыз ету мақсатында биыл 15 сәуірден 30 маусымға дейін уылдырық шашу және табиғатты қорғау акциялары өтті. Уәкілетті органның бұйрығына сәйкес, 30 сәуірден 30 мамырға дейін бекітілген балық шаруашылығы учаскелері торта, табан, алабұға, мөңке, шортан балықтарын барлық су айдындарында аулауға тыйым салды. Соған сәйкес, қайық, өзге де балық аулау құралдарын қолдануға да шектеу қойылған болатын.

Егер де бұл заң шеңберінде

бекітілген шектеулерді бұзғандар Әкімшілік құқықбұзушылық кодексінің 383-бабына сәйкес, балық аулау және балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау ерекшеліктерін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылатындығы жөнінде ескертілді. Бұл акциялар жыл сайын ұйымдастырылып келеді. Дегенмен, шектеу шараларын бұзушылар саны азаяр емес, – дейді Бекзат Мақажанов.

Айтылған ескертуді елемегендерге жыл басынан бері инспекция 137 әкімшілік құқықбұзушылық хаттама толтырды. Оның 15-і сотқа жолданды. Жалпы, сомағы 1 млн. 742 мың теңге көлемінде айыппұл салынып, 1 млн. 587 мың теңгесі мемлекет пайдасына өндірілді. Сонымен қатар, 11 бірлік заңсыз қолданылатын балық аулау құралдары, синтетикалық монофиламенттен жасалған желілер, 2 жүзу құралы, 2 көлік, 849 келі балық тәркіленді.

Уылдырық шашу маусымында инспекцияның бақылауында тұрған аумақта табиғат қорғаудың заңнамасын бұзған 55 факт анықталып, 879 мың 750 теңге көлемінде айыппұл салынды.

Қарағанды және Ұлытау облысының су қоймаларынан 207 иесіз торлар, 10 ілмекті құрал алынып, 61,05 тонна қатты тұрмыстық қалдықтар шығарылды. Акцияға 443 адам қатысып, 131 техника жұмылдырылғаны да тілге тиек етті жауапты инспекция басшысының орынбасары.



# Грант – болашаққа жолдама

«Мамандық таңдау – қиын іс» дейміз. Бірақ, қазір мемлекет грантына қол жеткізу одан да қиын секілді. 13 шілдеде Қазақстанның барлық жоғары оқу орындарында 20 шілдеге дейін жалғасатын гранттар конкурсына қатысу үшін өтініш қабылдау басталды. Бұл – мамандық таңдап, арманға құлаш сермеген жастар үшін аса маңызды сәт.

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Талапкерлер онлайн-форматта «eGov» арқылы да, офлайн түрде де жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиялары арқылы да өтініш бере алады. Сонымен қатар, жоғары оқу орындарының виртуалды қабылдау комиссиясы жұмыс істейді. Құжаттарды кез келген ЖОО-да (орналасқан жері бойынша) тапсыруға болады.

– Биыл бакалавриатқа түсу үшін 73 мың грант бөлініп отыр.



Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша барлық гранттың 60%-ы техникалық мамандықтарға бөлінді. Атап айтсақ, гранттардың басым бөлігі «Инженерлік, өңдеу, құрылыс салалары» білім беру бағдарламасына бөлінген. Олардың саны 18 744 грантты құрайды. Ал, «Педагогикалық ғылымдарға» – 12 560 грант, «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» саласына – 10 103 грант, «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика» бағытына 7 388 грант тиесілі. «Серпін» бағдарламасы арқылы түсушілерге 3 653 грант бөлінген. Бұдан бөлек, биыл халық тығыз қоныстанған батыс және жаңа-



Білімді ұлт

дан құрылған өңірлердің жастары үшін де гранттар бөлінді, – деді ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Қуаныш Ерғалиев.

Отандық жоғары оқу орындарына оқуға түсу үшін талапкерлерге жеке куәлік, ҰБТ сертификаты, өлшемі 3x4 фотосурет, орта білім туралы аттестат (ТЖКБ ұйымдарының түлектеріне арналған диплом), № 075/у нысаны

бойынша медициналық анықтама, жасөспірімдерге арналған әскери комитеттен тіркелген куәлік ұсынылуы қажет. Сондай-ақ, жеңілдікті санаттар бойынша гранттар конкурсына қатысу үшін басқа да растайтын құжаттар.

– Мен Әліхан Бөкейхан атындағы №76 орта мектептің 11 сыныбын үздік аяқтадым. Ұлттық біріншілік тестілеуді ойдағыдай тапсырып, жоғары балл жинадым. Ағылшын тілінен түрлі байқауларға қатысып, топ жарып жүрмін. Енді, гранттан дәмелімін. Құжат тапсыру басталғанын естіп қуанып отырмын, – дейді Айдана Саянқызы.

Білім беру гранттары иегерлерінің есімдерінің тізімі 10 тамызға дейін жарияланатынын атап өткен жөн.

# Шаңырақтың шырқын бұзсаңыз, жаза – қатан

(Соңы. Басы 1-бетте).

Бұған дейінгі жарияланған ресми мәліметтер де кісі жылатарлық. Олар жыл басынан бері елімізде отбасындағы «тирандардың» қатыгездігінен 18 адамның көз жұмғанын айтады. Соңғы бес жылда шағымдар үш есеге көбейген. Бір жылда Қазақстанда отбасындағы ылаңға 100 мың адам шағымданады екен. Бұл көрсеткіш Қарағанды облысында да мез емес. Мәселен, облыстың полиция департаменті дерегіне, былтыр 4787 адамнан шағым түскен. Ал, осы жарты жылдағы көрсеткіш – 4746 арыз. Алты айдағы ақпар былтырғы бір жылдың дерегіне пара-пар. Яғни, бұл әзірге тұрмыстық қиянаттың айыл жимағанын көрсетсе керек-ті.

Енді бұдан былай заңмен отбасылық-тұрмыстық саладағы құқықбұзушылықтар үшін жауапкершілік күшейді. Қылмыстық кодекстің 106 (Денсаулыққа ауыр зиян келтіру) және 107-баптарында (Ауырлығы орташа) «кінәліге материалдық немесе өзге де тәуелділіктегі адамға қатысты іс-әрекет жасау» деген саралау белгілері енгізілді.

Егер бұрын 106-бап бойынша 3 жылдан 8 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жауапкершілік көзделсе, қазір жаза 6 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыруға ауысты.

## 13 күнде 34 шағым

Заң күшіне енген күн – 1 шілдеден бастап, полицейлердің тұрмыстық зорлық-зомбылыққа байланысты жәбірленушінің арызсыз-ақ хаттама толтыруға құқы бар. Оған бейнебақылау камералары, куәгер, көршілердің айғағы жеткілікті. Сонымен қатар, енді сотта тек бір рет татуласуға рұқсат. Одан кейін татуласу мүмкін емес. Демек, дебошир жауапқа тартылады. Мамандар мұның зардап шеккендерге психологиялық қысымнан құтылуына ықпал ететінін алға тартады.

Бұдан бөлек, Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің аясында отбасылық-тұрмыстық қатынастарда әкімшілік қамауға алу мерзімі айқындалды.

Сонымен, жаңа өзгерістерде отбасылық жанжал үшін «төбелескішке» ескерту немесе 5 тәулікке қамау қарастырылып отыр. Енді осы құқықбұзушылық 1 жыл ішінде қайталанған уақытта ескерту берілмейді. Бірден 10 тәулікке қамалады. Ұрып-соққаны үшін – 10 тәулік, қайталанса – 20 тәулік қа-



Сурет интернеттен алынды



мау жазылған. Денсаулыққа жеңіл зиян келтіргені үшін – 15 тәулік қамау, қайталанса – 25 тәулік. Қорғау нұсқамасын бұзғаны үшін – 10 тәулік. Мінез-құллыққа ерекше талаптар орнатуды бұзғаны үшін қамаудың мерзімі 10 тәулікке ұлғайды. Бұзу қайталанса – 20 тәулік қамау көзделген.

Қарағанды қаласының әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының дерегіне, былтыр алты айда сотқа түскен іс 525 екен. Оның 477-сі қарастырылған. Нәтижесінде 284 айыппұл салыныпты. Тараптардың татуласуымен тоқтатылғаны 193 болса, 109 іс бойынша ескерту берілген. Алты азамат айыппұл төлеп, 169 азамат қамауға алынған. Бұл деректер заңдағы жауапкершілік күшейгенге дейінгі мәліметтер. 1 шілдеден заң күшіне енгеннен соңғы 14 күн ішінде сотқа отбасындағы зорлық-зомбылыққа қатысты 34 шағым түскен.

– Шілденің басынан бері түскен шағымның көбі қысқарды. Бұл іс отбасына қатысты болған

дыктан сот татуластыруға ұмтылады. Медиация институты қолданылады мұндайда. Осылайша 13 істе тараптар татуласты, іс тоқтады. 24 іс бойынша 11 азаматқа айыппұл салынды. Үш азаматқа ескерту берілді. 8 адам қамауға алынды, – дейді Қарағанды қаласының әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Венера Махабаева.

## «Құрбан болу» – қалыпты емес

Мамандардың айтуынша, шағымданған әйелдердің 60 пайызы арыз түсіруден бас тартады екен. Оның ішінде, әр түрлі себептер бар. Отбасын бір кикілжің үшін бұзға тұрмайтын әлеуметтік жағдаяттар болуы да мүмкін. Қазақы қоғамдағы туған-туыстың да ықпалын жоққа шығармайды мамандар. Дегенмен, өзін өмірбақи құрбан ретінде «бағалап», болашағы беймәлім, мақсатсыз ердің соңында көп баламен қанша зәбір көрсе де, еріп жүретін әйелдер де жоқ емес дейді. Бірнеше баламен сондай ерден ажырасып, енді одан сабақ алмай, тағы тап сондаймен бас қосатын «созылмалы құрбандық күйін кешетін» жолы жіңішке қауым өкілдері де кездеседі екен. Олардың қатары көбеймеуі үшін балаға жас күнінен әйелді ұрып-соғу, отбасында төбелес шығару – жат әдет екенін санасына сіңіру керек дейді ЖПҚ Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімінің аға инспекторы Гүлбану Сәтпаева-Алпысбаева.

– Отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықты тыю үшін заң негізінде түбегейлі өзгерістер қажет. Елдегі заң ана мен баланы бірінші орынға қоюы тиіс. Әйелдің құқын қорғау қажет. Өйткені, әйел өзін бақытты сезінгенде ғана бала да бақытты. Көзінен жас, көңілінен шер кетпеген әйелдің түзу ұрпақ тәрбиелеуге де шамасы келмейді. Сондықтан да, әр әйел осы күні өзін ұрып-соғудың норма емес екені түсінуі керек, – дейді аға инспектор.

Қарағанды облысында отбасынан жапа шеккен әйелдерді паналатар 9 дағдарыс орталығы жұмыс істейді. Жария етілген ашық ресурстағы деректер мұнда жүзден астам адамның жылына пана табатынын айтады. Соңғы екі жылда отбасындағы зорлықтан 16 адам көз жұмған екен.

## Түйін

Шаңырағының шырқын алғандардың «алды – жар, арты – соқпақ» екені заң негізінде нақтыланды. Алайда, әйел мен бала құқын қорғаушылар заңнаманың әлі де жетіле түсуі керектігін жоққа шығармайды. «Бақытты бала – бақытты отбасында ғана өсіп-өнеді» деседі. Жон уэж.

## ӘЛЕУМЕТ

# Қандастар қатары артып келеді

Жыл басынан бері 10 488 этникалық қазақ тарихи отанына оралып, қандас мәртебесін алды. Жалпы, тәуелсіздік алғаннан бері елге 1 млн. 117,6 мың этникалық қазақ оралды. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің дерегіне, қандастардың жартысы Өзбекстаннан, 19,3%-ы – Қытайдан, 9,7%-ы – Ресейден, 7,8%-ы – Моңғолиядан, 4,6%-ы – Түрікменстаннан және 2,6% басқа елдерден келген.

Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Қоныс аударған этникалық қазақтар республиканың түрлі өңірлеріне қоныстанды. Дегенмен, бұл мақсатта еңбек күші тапшы – Ақмола, Абай, Қостанай, Павлодар, Шығыс және Солтүстік Қазақстан облыстары бекітілген болатын. Бұл өңірлерге бөлінген квота саны – 1 925 адам. Осы уақытқа дейін 1 032 қандас қоныс аударды. Аталған өңірлерде қоныстанған қандастарға көшуге субсидия түрінде мемлекеттік қолдау шаралары ұсынылады. Атап айтқанда, отағасы және отбасының әрбір мүшесі 70 АЕК (241,5 мың теңге) мөлшерінде көмек, сондай-ақ, тұрғын үй жалдауға және коммуналдық қызметтерді төлеуге бір жыл ішінде 15-тен 30 АЕК (51,7-ден 103,5 мың теңгеге дейін) көлемінде қаражат бөлінеді. Жыл басынан бері 565 қандасқа түрлі қолдау шаралары көрсетілді. Оның 293-і тұрақты жұмысқа орналастырылды, 565



адам біржолғы субсидия алды, ал, 257 қандасқа тұрғын үй шығындары субсидияланды. Бұдан бөлек, ерікті қоныс аударудың тиімділігін арттыру мақсатында солтүстік өңірлерге қоныс аударатын жұмыс берушілерді қолдау бойынша институтоналдық шаралар қабылданды. Тұрғын үй сатып алу, салу үшін немесе ипотекалық тұрғын үй қарыздарының бастапқы жарнасының бір бөлігін жабу үшін экономикалық ұтқырлық сертификаты енгізілді. Ол бойынша тұрғын үй құнының 50%-ы немесе бір отбасына 4 млн. теңге мөлшерінде біржолғы өтеусіз және қайтарымсыз көмек көрсетіледі. Биылдан бастап пилоттық режимде Қазақстан елшіліктері арқылы «бір терезе» қағидаты бойынша қандас мәртебесін беру тетігі іске асырылып жатыр. Бүгінгі таңда жоба аясында шет елдердегі мекемелер арқылы 1 984 өтініш (656 отбасы) қабылданғанын да айта кету керек. Жалпы, биыл елге оралған этникалық қоныс аударушылардың 65,6%-ы – еңбекке қабілетті жаста, 25,8%-ы балалар болса, зейнеткерлер 8,6%-ды құрайды.

## ДЕНСАУЛЫҚ

# Біліктілік арттырудың бірегей мүмкіндігі

Бұл күндері республиканың барлық өңірлерінен жиналған генетик дәрігерлер мен ультрардыбыстық диагностика мамандары Санкт-Петербург қаласындағы Д.Отта атындағы акушерлік, гинекология және репродуктология ғылыми-зерттеу институты базасында біліктілігін жетілдірді.

Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Курсқа қатысушылар пренаталдық скринингтің негізгі әдістерін, жүктіліктің бірінші және екінші триместріндегі хромосомалық кестіктердің ультрадыбыстық

маркерлерін зерттейді, инвазивті пренаталдық диагностиканың негіздерімен танысады.

Сонымен қатар, оқыту барысында ұрық материалын зерттеудің цитогенетикалық, молекулалық-цитогенетикалық, молекулалық-ге-

нетикалық әдістерін қолдану ерекшеліктері оқытылмақ. Ұрықтың туа біткен кемістіктері мен генетикалық патологиясын анықтау кезінде жүкті әйелдерді бақылау, медициналық-генетикалық кеңес беру ерекшеліктері де айтылады деп жоспарланған.





• ЕҢБЕК ҰЖЫМЫ

## Мыс балқытқан майталмандар

Балқаш өңірі қойнауынан мыс бұлағы аққалы өнім беруді тоқтатқан емес. Балқаш мысының ел экономикасындағы үлесі қомақты. Мұнда мыс балқытқан мамандар еселі еңбек етіп келеді. Жоғары өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізіп, мінсіз еңбек еткендер елеусіз қалған емес.

Құрмет КӨРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Металлургтердің мерейлі күні қарсаңында мыс балқыту цехына ат басын бұрған едік. Біз өндіріс ошағына барған күні №3 ауысымның жұмысы қызып жатыр екен. Алдымен «Kazakhmys Smelting» ЖШС Балқаш мыс зауыты балқыту цехының бригадирі – Еркебұлан Айғалиев зауыттың тірегі қарапайым еңбеккерлер екенін ерекше атады. Бүгінде дәл осы «Қазақмыс» кәсіпорнының ұжымы – алдыңғы қатарда.

27 жылдан астам еңбек жолын ел байлығын игерумен етене байланыстырған Еркебұлан Мұратұлының есімі жұртшылыққа кеңінен таныс. Оның есімі де аға буынмен бірге Балқаш өңірінің ғана емес, тұтас Қазақстанның металлургия тарихында жазылып қалады. Балқаш мыс балқыту зауытының балқытушысы, III дәрежелі «Еңбек Даңқы» ордені иегерінің өнегелі өмір жолы – талайға үлгі. Отан алдындағы борышын өтеген соң зауытқа жұмысқа тұрған азаматтың аға тәлімгері, ұстазы, металлургия саласының ардагері Қуаныш Асанов болған. Сонымен қатар, металлургтер Махаг Арзынбетов, Серік Қалиахметовтер ағалық жол сілттеген.

– Өндіріс бастауында тұрған, күндіз-түні от бүріккен пештердің жанында өткізген, қиын тұрмыстық жағдайда өмір сүрген адамдар Балқаш мысының әлемдік бағалы металдар биржаларында баға белгіленуіне қол жеткізді. Өндірісті ошақта еңбектің талмас қара нарлары тер төгеді. Бұл жерде «сапасы төмен өнім немесе ақау» деген болмайды. Балқаш металлургтерінің даңқты жолын мысты балқытқан жас ұрпақ жалғады. Олар өз ісінің шеберлері және төзімді қайсар жандар деп білемін. Талай еңбеккерлер Құрмет тақтасынан ойып тұрып орын алды. Мұнда алдымен жұмысшының кәсіби біліктілігіне назар аударылды. Одан бөлек, олардың еңбек тәртібі мен қауіпсіздік талап-шарттарын сақтай білуіне де аса мән берілді. От бұлағын ағызып, ыстық жалынға қарамай жұмыс жасау, екінің бірі, егіздің сыңарының қолынан келмейді. Тек мықтылар ғана ауыр жұмысқа төзімділік танытады, – дейді Еркебұлан Айғалиев.

Адам кеменгер болып жаратыла салмайды. Өмірден үйреніп барып, жақсы менен жаманның дөмін татып, кең арналы жолға түседі. Санаңда жарық сәулесі болса, оқып-тоқып алған білімің халықтаң, сол халықтың адал да ақпейіл ұл-қыздарынан көргенің, үйренгенің игілікке, абыройға айналады. Мұны нағыз кәсіпкер, өз ісіне немқұрайлы қарай алмайтын, өз кәсібін сүйетін жандар 25 жыл балқытушы болған Жекебай Бердімұрат, 27 жыл осы салада табан аудармай жұмыс істеген Зинад Қасымов, 26 жылдан астам балқытушы Ергали Қасымовтар жақсы біледі. Өйткені, олар еңбектің ортасында жүрді, мықты мамандардың тәрбиесін көрді, талқысынан өтті.

– Мен тоқсаншы жылдары ата-жұртқа оралдым. Өндірісті қалаға көшіп келгенде «балқытушы болсам» деген арман жүрегіме ұялады. Сол арманға жеттім



Металлург Ақжол Абаков

де. 1998 жылдан бері осы өндірістемін. Өндірістік учаскелер, олардың атаулары ауысып жатады. Бірақ, міндеті – өзгеріссіз. Елімізге мольна кен шығару – басты міндет. Осы жолда аянбай тер төгіп жүрген жандар қаншама. Біздің маман ретінде қалыптасуымызға аға буынның көмегі орасан, – дейді балқытушы Жекебай Бердімұрат.

Металлургтер Ергали Қасымов пен Зинад Қасымовты ерекше құрметтейді. Себебі, олар көптеген жас мамандарды тәрбиелеген. Металлургиялық процестің барлық қыр-сырын меңгеріп, жастарға өз кәсібінің негіздерін үйретті. Бүгінде әріптестері және бүкіл мыс балқыту цехы мақтан тұтатын балқыту ісінің шеберлері.

№3 ауысымда жұмыс жасайтын жас металлургтер Айбек Құдайбергенов, Қартбай Абибуллаев, Ақжол Абаковтардың да бала күнгі арманы мұржалары көк тіреген алып зауытта еңбектену болған көрінеді. Жеке бір мемлекет сияқты бой түзеген зауытқа кіріп шыққан металлург ағаларын көргенде бала армандары бұдан бетер шарықтаған екен. Сонымен қатар, жас өрендердің өндіріске бет бұратындай себебі бар. Өйткені, өмірлері тікелей өндіріс еңбеккерлерімен тығыз байланыста болыпты. Бірінің атасы, енді бірінің әжесі, үшіншісінің ағасы өндірісте.

Алтын ұя мектеппен қоштасқан соң жас түлектер ойланбастан Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті-

не, жергілікті «Қазақмыс» корпорациясының политехникалық колледжіне құжат тапсырып, арнаулы орта білім алған.

– Мен үшін мыс балқытатындардың осалы жоқ. Біздің ұжым – кәсіби металлургтердің-балқытушылардың, өз жұмысын шебер атқаратын мамандардың тұтас командасы. Жұмыс – өте қауіпті. Маңызы жоғары. Технологиялық және техникалық мыс балқыту процесінің экономи-

калық көрсеткіштерінде әріптестерімің маңдайының тері бар. Осы еңбек ұжымын мақтан тұтамын. Кәсіпорынның Құрмет тақтасынан орын алған – әріптестерім үлкен абыройға еңбекпен жетті. Бұл ілтипат көп жылғы еңбектің жемісі, маманға көрсетілген құрмет деп білемін. Мәртебелі мамандықтың иесі атанғанымға қуанамын. Барша металлургтерді мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын. Еңбектері табысты болсын, – дейді жас маман Ақжол Абаков.

Байқағанымыздай №3 ауысымда металлург болуды жүректен ұғынып, қиындықты сабырлықпен жеңіп, табысты еңбек етуді негізгі мақсат етіп жүрген азаматтар аз емес. Білімі мен біліктілігін өндірістен байланыстырып, әрдайым ізденіп жүретін мамандық иелері БМЗ-да мыс балқыту цехының тасын өрге домалатып, өнімді еңбек етуде. Түсті металлургия флааманының жақсы дәстүрлерін бүгінгі күнге дейін сақтап қалған жұмысшылар көңілді қуантады. Мыс толғатып, жез тұған Балқаш өңірінде зауытта белі қайыса өндірісті алға сүйреп келеді. Бай емес концентраттан бүгінде жоғары сапалы металл алынады. Балқаштық металлургтер бұл балқыту жұмысының ешқашан тоқтамауын тілейді. Балқаштың мысы өзендей ағып, тұрғындардың әлауқат тірегіне айналса деген тілегі бар.

БАЛҚАШ

• ҚҰРМЕТ

## Еңбегі еленгендер



Құрмет ИМАШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Рамиль Кирпичев кезіндегі Қарағанды металлургиялық комбинатына бұдан 30 жыл бұрын Теміртау қаласының Жоғары техникалық оқу орнын (қазіргі Қарағанды индустриалды университеті) бітірген соң келген болатын. Алғаш еңбек жолын бірінші домна пешінің жұмысшысы болып бастаған ол газ шаруашылығына ауысып, төртінші домна пешінің газшысы болды. Енді бүгінде «АрселорМиттал Теміртау» АҚ болып аталатын осы кәсіпорында домна цехының өндірістік шебері болып еңбек етеді.

Әдетте оның жұмыс күні аусым қабылдаудан басталады. Онда өткен ауысымда болған ескертпелер есепке алынып, жаңа ауысымның жұмысын бел-

саңында оған III дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденінің берілуі де оның көп жылғы еңбегінің бағаланған белгісі.

Осындай еңбегі еленгендердің бірі – коксохимиялық лабораторияның бірінші санатты инженері Светлана Дмитриевна Леонова. Ол да кәсіби мерекелерінің алдында III дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденіне ие болды.

Қарағанды техникалық университетінің Жезқазған бөлімшесін «Пайдалы қазбаларды байыту» мамандығы бойынша тәмамдаған оның осы комбинатта еңбек еткеніне де биыл 40 жыл толған екен. Өуелде ол осындағы көмір фабрикасында лаборант болып бастаған жас маман кейіннен ағынды суларды тазалаумен айналысуға біржола көшкен.

– Көкс өндірісінің негізгі қалдық өнім-



гілейді. Бұл ретте Рамиль жұмыс орнында техникалық қауіпсіздіктің сақталуына аса мән беріп, жұмыстың сапалы, мерзімінде атқарылуын қадағалайды. Сондықтан да, ол басқаратын ұжымдағы 13 адамның бәрі тұтастай бір механизм сынды жұмыс істейді.

– Адамдармен бірге қимылдап, сөйлесіп, тыңдай білу керек, – дейді Рамиль, – біздің жігіттер бір-бірін жақсы түсінеді. Үлкендері жастарға көмектесіп, қолдау көрсетеді.

Кирпичевтің өзі де кәнігі тәлімгер. Бір кездері өзі оқытып, үйреткен бір жігіт осы күнде бригадир болып істеп жүр. Өріптестері де оны сол үшін де қатты құрметтейді. Ал, металлургтер мерекесі қар-

дері – фенолды су. Оны тазалаусыз көзге төуге болмайды. Себебі, ол барлық тірі организмдерді өлтіреді. Ал, фенолдың өзін жеп қоятын микроорганизмдер де бар. Дәл осы технологияға осыған ұқсас өндірістердің көбісінде қолданылады, – дейді бұл турасында өз ісінің маманы Светлана Леонова. – Содан кейін тек қалған аммиағымен қалалық тазарту құрылғыларына түсіп, одан әрі тазартудың келесі сатысынан өтеді.

Светлана Дмитриевнаның қарамағында сегіз тәжірибелі химик мамандар жұмыс істесе, оның мына алған марапатына солардың да өлшеусіз үлесі бар.

ТЕМІРТАУ



аңғарамыз. Бұл жағдайда адам жұмысқа ерекше құлшыныспен кірісіп, сүйікті ісінен ганибет алады. Мамандыққа деген адалдық пен еңбекқорлығы еңбек ардагерлерін осы күнгі биігіне жеткізді. Олар Құрмет тақтасынан түспеді, түрлі орден, марапаттардың иегерлері болса да, қолден келген артық атак пен даңқ, мансапты, қолпашты қумады. Балаларынан да осыны талап етті. Сүйікті мамандығын шыңдау үшін бар күш-жігерін сарп

етті. Аянбай, еңбектенді. Өр мамандықтың өзіндік қиындығы бар десек те, металлургия саласында жұмыс жасау оңай емес. Мұндай кәсіп атаулының ішіндегі қиындығы көп мамандықты жан-жақты меңгеруге ерік-жігері мықты азаматтар ғана төзе алады.

– Металлургтер зауыттарда, онымен бірге өндірісті ошақтардың ғылыми бөлімдерінде де жұмыс істей алады. Бәрі сіздің қарым-қабілетіңізге байланысты. Өзінің міндеттерін мүлтіксіз орындағанын ескере отырып, металлург цех жетекшісі, өндіріс аумағының басшысы немесе тұтас зауыт басшылығының құрамына да кіруі бек мүмкін. Тіпті, қарапайым жұмысшы ерен еңбегінің арқасында жоғары марапатқа ие бола алады. Адам алдымен өз жұмысын жақсы көруі қажет, – дейді бірауыздан майталман металлургтер.

Ардагер ақсақалдарымыз риясыз әңгімелерінде еңбек жолындағы қызықты, ең маңызды оқиғаларға тоқталып, сонымен қатар, жастарға өсиет, баталарын берді.

Ләззат ДИХАНБÆВА,  
Тұңғыш Президенттің  
тарихи-мәдени орталығы  
Экскурсиялық-буқаралық  
бөлімінің әдіскері

• САБАҚТАСТЫҚ

## Тағылым мен тағзым жүздесуі

Металлургтер шаһарының құрылысына қолтаңбасын қалдырған ардагер-металлургтер Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығының қонағы болды. Металлургия майталмандары Еркем Төлеубаев, Қуаныш Омашев, Илияс Баймұрзаев, Бірлікбай Ордабаев, ізбасарлары Мұхаммедқали Турабаев, Әлібек Алпысбаев және қаладағы «Еріктілер» ұйымының мүшелері де қатысты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Елімізде еңбеккер адам, кәсіби маман ең сыйлы адамдар болуы тиіс» деген болатын. Түрлі саланың дамуына үлес қосып жүрген мамандар ерқашан зор құрметке лайық. Шара барысында Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығы мен Қарағанды облысы бейнелеу өнер музейі бірлесіп, «Магнитка аспаны» атты көрме ұйымдастырып, оның шымьылдығын еңбек ардагерлерінің қатысуымен салтанатты түрде ашты. Көрмені қала тұрғындары бір ай көлемінде тамашалай алады.

Мамандық таңдауда толғанып жүрген жастарға еңбек ардагерлерінің кеңесі өте пайдалы болмақ. Мамандық таңдау деген өзін айналысқың келетін жұмысты таңдау ғана емес, өзін араласқың келетін ортаны



• ЖАНҒЫРЫҚ

# Кенесарының түр-тұлғасы туралы не білеміз?

Өткен жылы қазақтың соңғы ханы, Ресей отарлаушыларына қарсы ұлт-азаттық көтерілісі көсемі Кенесары Қасымұлының (1802-1848) туғанына 220 жыл толды. Бірақ қырғыз манантары кесіп алып, патша жендеттеріне жөнелткен оның бас сүйегі елге әлі қайтарылған жоқ. Бұл туралы Парламент Мәжілісінің депутаты орынды мәселе көтерді. Сондай-ақ, газетіміздің осы 2023 жылдың 19 қаңтарындағы санында астаналық суретші Жеңіс Кәкенұлының «Шахтер әкенің суретші ұлы» деген мақаласы жарияланып, онда жерлесіміз, Қазақстанның халық суретшісі Әубәкір Ысмайылов салған Кенесарының суреті басылды. Қазіргі кітаптар мен басылымдарда жарық көріп жүрген де осы сурет. Міне, соған байланысты өз білгенімізді ортаға салғанды жөн көрдік.

Ержан ИМАШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»



Шындығында, Кенесарының бет-бейнесі салынған сурет сақталмаған. Қазіргі жарияланып жүрген суреті оның баласы Сыздық сұлтанға ұқсастырылып жасалған (автор). Алайда, оның түр-тұлғасын суреттеген мәліметтер бізге дейін жетті. Енді, солардың бірнешеуін келтірейік. Мәселен, қазақ Наурызбай Шегеновтің айтуы бойынша, «Кенесары – орта бойлы, ашаң, таңқы мұрындау» болған көрінеді.

Ханның ордасында болған барон Уаселер де оның сыртқы сипатын осыған ұқсас суреттейді. Кенесары «орта бойлы, арықша келген, жүзі қалмақ тектес, қысаң көздерінде ақыл оты мен құлық бар, бет-пішініне қатыездік көрінбейді» деп жазады ол. («Орынбор шекара комиссиясының есебінен, 1847»)

Кенесарының сыртқы түрінң толық суреттемесін Сұлтан Барак Солтабаев өзінің жазбасында береді: «Кенесары хан арықша келген, жуан мойынды, орта бойлы еді. Оның жүзі қараторы, тартымды, көздері жалтылдаған бүркіттікіндей қызыл және танауы делдинкіреген еді. Кішірек мұрты және қалың, сары қоңыр шоқша сақалы бар. Ол аз сөйлейтін және өзін қаталдау, байсалды, үлкен беззаттықпен ұстайды. Ол басына күнделік терімен көмкерілген кішігірім тері тымақ киеді. Киімдерінің сыртынан түйе жүнінен тоқылған сұр шекпен жамылып, оның ішінен көмшат терісінен тігілген тон киеді. Жейдесі мен шалбары ақ матадан қолдан тоқылған». («Қырғыз тарихының материалдары, 394-бет»). Қаржас елін

көшіріп әкету үшін Кенесары көп қолмен келгенде, қанжығалы Саққұлақ билің оған тыңшылыққа жіберген адамы Сағы оны былайша сипаттайды: «Жар салған шу басылған кезде кіруге мен де рұқсат алдым. Қипақтамай, алдиярлап кіріп келдім. Бұрын бір-ақ рет көрген едім, түсі суық, кісіге шабатын бұра сияқты. Арты Сенек, жар қабақ, үлкен қыр мұрынды. Кеуде жағы кең, қасқыр кеуде адам екен». (Е.Саққұлақұлы, Т.Ергалиев «Өмір шежіресі», 2005, 25-бет).

Міне, менің де осы соңғысында айтылғандай суретті көргенім бар. Ол кесіп алынып, бальзамдалып, Санкт-Петербургтегі Эрмитажға қойылған Кенесарының бас сүйегі. Ол біреулер жазып жүргендей отқа қуырылған емес, кәдімгі бас терісі сол қалпында, көзі жұмулы өлген адамның кескін-келбеті. Мұрты да, қас-қабағы да жоғарыда суреттелген-

дей. Астына «Голова киргиза-бунтаря» деп жазылған. Мен осы суретті оқушы күнімде әкем марқұм жинаған кітаптарының ішінен 1904 жылы Санкт-Петербургте басылып шыққан «История царской тюрьмы» деген қалың қызыл кітаптың 2-томынан оқып, көргенмін. Бұл кітапта XIX ғасырдағы Кавказ халықтары ұлт-азаттық көтерілісінің көсемі, имам Шәмилдің серігі Қажымұраттың басы мен орыс революционері Дмитрий Каракозовтің маңдайына «Вор» деп шығтырылып басылған жазуы бар басы мен тағы да басқа адамдар бас сүйектері бар болатын. Кейін сол кітап қолды болып, қанша іздегірсем де таба алмадым. Тіпті, оны жақын танысым, белгілі өлкетанушы Юрий Попов та іздеп, таба алмады. Енді, осы қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымұлының «қор болған Алтын басын» туған еліне қайтарып, Кейкі батырдікі секілді арулап, жер қойнына тапсыру керек деген ойдамыз...

Өйткені, 1833 жылы Польшада азаттық күреске қатысқаны үшін қазақ өлкесіне жер аударылған Адольф Янушевич Кенесары тұлғасына қайран қалып, оны Алжир халқының француз отаршыларына қарсы күресінің көсемі Абд Эль Кадермен теңестіреді. («Дневники и письма из путешествия по казахским степям» (перевод с польского, Алма-Ата, 1966, стр.51). Ал, орыс саяхатшысы П.Семенов-Тянь-Шанскийдің хан Кенесарыны біздің эрамызға дейінгі екінші ғасырда Рим империясының отаршыл саясатына қарсы халқын көтеріп, жанталаса күрескен Поет патшасы Митридат II Евпатормен теңестіруі де қазақ ханының саясатшыл дипломатиялық шеберлігін мойындағандығы. («Путешествие в Тянь-Шань в 1856-1857 годах» Москва, 1956 г., стр. 54).

Орыс зерттеушісі Н.Середа Кенесарының жеке басына тағы да мынадай көңіл аударарлық мінәземе береді: «Кенесары өз жасақтарының ықыласына лайық билеуші бола білді. Оның жасақтарының рухының жоғарылығына еуропалық әскердің қолбасшысының қайсынын өзі де қызғана қарайтындай еді...»

Ендеше, осындай аруақты тұлғаның бас сүйегі елге қайтарылса, рухымыз одан да асқақтай түспек.

• ӘРІПТЕСТЕР ӘЗІЛІ

## «Маған Қалмағанбетов керек!»

*Биыл облыстық SARYARQA телеарнасының эфирге шыққанына – 65 жыл толып отыр. Телеарна ұжымы осы уақыт аралығында елдің жүрегіне жол тауып, көптеген шыңды бағындырды. Мұнда талантты экиптар қанатын қамдап шығып, қазақ телевизиясының қыранына айналды. Аймақтың шежіресіне айналып, өнегесі толық алтын қорын қалыптастырды. Тарихы терең телеарнада 40 жылдан астам жемісті еңбек еткен Қазақстанның Құрметті журналисі Әли Тойжігіттің қаламынан туған «Күміс күлкі» естеліктер циклін жекелеп оқырман назарына ұсыналы отырмыз. Мұнда телеарна өміріне байланысты тағалымды әрі есті естеліктер астарлы әзілмен әрленіп отырады. Мархабат!*

РЕДАКЦИЯДАН

«Әзілің жарасса, атаңмен ойна», – деген халқымыз. Егер, қисыны келіп жатса, неге әзілдеспеске?! Бірақ, жөні осы екен деп шектен тыс шықпаған да дұрыс.

...Өткен ғасырдың 85-жылдары болатын. Қазір Астана қаласында тұратын зейнеткер, белгілі тележурналист, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты Дәния Омашева ол кезде Қарағанды телевидениесінде аға редактор еді. Екеуіміз бір бөлмеде отырамыз. Арамыздағы жалғыз телефон кенет шыр ете қалды. Азкем әңгімеден соң тұтқаны қойып жатып:

- Көптен реті келмей жүр еді, қатырдым оны! – деп, сылқ-сылқ күлді.
- Не болды, айтсаңызшы? Біз де бірге күлейік, – дедім қарап отырмай.
- Кейін естірсің, – деп құтылды.

Сәлден соң «Жас канат» хабарын жазып, бөлмеме кірсем, Дәкенің көңіл-күйі көтеріңкі екен. Сөйтсем, бірер сағат бұрын мұғалімдер білімін жетілдіру институтынан құрбысы, ұлағатты ұстаз, әрі жеңгесі Сара Мұқанова:

– Қыз-ау, Қалмағанбетовтің жұмыс телефонын айтшы? – депті.

Дәния болса, «Жаналықтар» редакциясының редакторы, соғыс ардагері Шамшит Қалмағанбетовті мензеп тұрғанын іштей біле тұрып, оған фамилиясы ұқсас Қарағанды облыстық партия комитетінің екінші секретары (қазіргі үрдіспен айтқанда, облыс әкімінің орынбасары) Жәлел Қалмағанбетовтің жұмыс телефонын берген ғой. Апамыз болса, оны білмейді, әлгі жазып алған «телефонға» ізін суытпай хабарласады.

– Қалмағанбетов қайда? – деп сұрапты салған беттен.

– Кешіріңіз, Қалмағанбетов обкомның бюросында, жиналыста отыр, – дейді хатшы қыз. Шамшит ағамызбен әрдайым әзілі жарасып, әрі жездесі ретінде қалжыңдасатын Сара апамыз, телефон тұтқасын



қойып жатып:

– Бюродан шыққан соң, мен оны бұйралатамын! Солай деп айтқын! Қарай гөр, өзі «шұғыл телефон соқсын» дейді де, менің қоңырауымды тоспай жиналысқа кеткені калай?! Шыққаннан кейін міндетті түрде маған хабарлассың! Айтқын, Сара Балқашовна звондады, телефоны мынау! – деп сес көрсете сөзін аяқтапты.

Содан «Апам да аң-таң, өзім де аң-таң!» – демекші, өмірі ондай өктем сөзді естімеген ақ үйдің хатшы қызы тосын жағдайға тосырқай қарайды. Арада жарты сағаттай уақыт өтеді. Әлгі «Қалмағанбетов» хабарласпаған соң, Сара апамыз оған «сыбағасын» берейін деп қайтадан телефон соғыпты.

– Әлгі шал, әлі жиналыстан шыққан жоқ па?! Ол онда не істеп жатыр? Жоқ, әлде менің сөйлейтін сөзімді жазып отыр ма? – деп мәселені көлденеңін бір-ақ қойған көрінеді.

– Кешіріңіз, Жәлел Шубаевичке айтып едім, ол «сізді танымаймын, ондай кісіге телефон шалсын деп айтқаным жоқ», – делі. Сондықтан, хабарласпады.

– Танымағаны қалай, есі дұрыс па?!

Қалқам-ау, ол өзі аты-жөнін өзгертіп, секретарша алған ба?! Түсіңсем бұйырмасын!..

– Кешіріңіз! Сіз қайда, кімге телефон соғып тұрсыз? – депті мәселенің мән-жайын білгісі келген хатшы қыз.

– Облыстық телевидениеге... редактор Қалмағанбетовке!..

– Кешіріңіз, сіз қателесіп тұрсыз! Бұл, телевидение емес. Облыстық партия комитетінің екінші хатшысы Қалмағанбетовтің қабылдау бөлмесі.

– Ой, не... е... е... дейді!.. Құдай-ау!..

Кешір, қалқам, кешір!.. Мен телеарнаның «Жаналықтар» редакциясындағы редактор Қалмағанбетовке звондап отырмын! – деп Сәкен сасқанынан телефон тұтқасын қоя салыпты. Сол кезде барып, «тосын» жағдайдың тұзағына қалай түскенін, құрбысы Дәнияның қалжыңынан соң, бірақ білген ғой. Аталмыш оқиғаның мән-жайын телефоннан естіген Дәкен рахаттана күліп отыр.

– Подруга, «терме тезек, келер кезек» – деген осы! Бірінші сәуір – күлкі күні мені «жақсылап» алдап едің, енді өзіңнен көр! «Қалмағанбетов, Қалмағанбетов...» – деп қылқылдап қоймаған соң «обком партияда бір шаруасы болған шығар» дедім де, бастықтың телефонын бергенім рас. Одан да редактор Шамшит Қалмағанбетовтің аты-жөнін ашық айтпайсың ба? – деп, қалжың сөздің қайырмасын қайталап, екеуі тағы да телефон арқылы біраз уақыт күлкісін тыя алмады.

Шіркін-ай! Өмірде осындай әдемі әзілдердің болғанына не жетсін!

Әли ТОЙЖІГІТ,  
Қазақстанның Құрметті журналисі

## Электронды оқулық олқылық орнын толтыра ала ма?

Жастар – қоғамның қозғаушы күші, егемен еліміздің ертеңі. Білімді жастар – Жаңа Қазақстанның тірегі. Сол себепті де, кітап оқу жас ұрпақтың парызы болып саналады. Сондықтан, біз, жастар рухы биік, санамыз сергек болуға тиіспіз. Ойымды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар елді алға бастайды» деген сөздерімен жеткізгім келеді. Тәрбие жүйесінде жеке тұлғаның, сол білімді жастардың кітап оқуының алатын орны ерекше.


Бүгінде білім берудің барлық жүйесі қарқынды дамуда. Ал, ол заман талабына сай электронды оқулықтан бастау алады. Ең алдымен, өзін бүгінгі жас ұрпақ өкілі ретінде электронды кітаптың артықшылықтарына тоқталғым келеді. Кішкентай кезімізде кітап оқығанымыз келген сәтте оны не кітапханаға барып, не кітап дүкендерінен сатып алатынбыз. Ол кезде электронды кітаптың әлі шықпағаны белгілі, сол үшін де өзіміз қызыққан кітапты алып оқу үшін уақытымыз бен күшімізді бірдей жұмсағанбыз десем, артық айтпаймын.

Ал, қазір кітаптардың барлығын біз электронды нұсқада, тиімді түрде ала аламыз. Бала кезімізде том-томдап ұстаған, әр парағын ашқан сайын иісін сезініп



болып жатыр. Ондай кітаптарды компьютерлерден ғана емес, телефондар арқылы да оқуға болады. Оны сатып алудың жолы жеңіл. Экологияға пайдасы көп. Қағаз шығындамайсың. Баспагерлер үшін электронды кітаптың табысы қағаз кітап сатқанмен бірдей. Әрине, электронды кітап қағаз кітапқа қарағанда бес есе арзан тұрады», – дейді.

Ал, енді «таяқтың да екі ұшы бар демекші», кемшін тұстарына келетін болсақ, ең алдымен денсаулыққа зиян-



оқитын кітаптардың қазір қолымызда санаулы ғана екені әрине, қызылталды. Бірақ, әр нәрсенің жақсы жағы да болады демекші, электронды кітаптың да болуы біз үшін, қазіргі ұрпақ үшін өте ыңғайлы. Себебі, бірнеше кітапты бір смартфонға немесе компьютерге жүктеп алып, кез келген уақытта бүкіл әлемдегі көркем және ғылыми әдебиетті оқи аламыз. Оның қағаз бетіндегі кітаптан артықшылығы көлемінің аздығы, шығару уақытының әлдеқайда жылдам болуы. Және ең басты артықшылығының бірі – кітапта аудио нұсқасының болуы. Электронды оқулықтың бүгінгі күнгі пайдасы өте зор деп айтуға болады.

Бұндай кітаптарға сұраныс жас буынның арасында артып келеді. Ақпараттық технологияның дамығанына байланысты осындай кітаптардың үлкен сұранысқа ие болып, әсіресе, жастар арасында айрықша қарқын алып жатқаны қалыпты жағдай. Тіпті, мектеп оқушылары үшін де тиімді болмақ. Қазіргі мектеп оқушылары ауыр-ауыр кітаптарды таңертеңнен кешке дейін тасығанда, оларды электронды түрде жүктеп алу әлдеқайда қолайлы екенін айтады. Бұл олардың балалықпен әлде жалқаулықпен айтқаны деп те қабылдап жатамыз. Бірақ, шындығына келгенде де қазіргі мектеп оқулықтары бұрынғыға қарағанда әлдеқайда ауыр, әрі көлемі де үлкен.

Белгілі баспагер Марат Ахмеджанов өзінің бір сұхбатында электронды кітап жайлы: «Электронды кітап тез дайындалады, бағасы да арзан болады. Қазір әлемде кітаптың сандық нұсқасы тиімді

дылығы. Электрондық кітаптар қаншалықты тиімді және зиянсыз деп саналса да, олар көздің зақымдануына үлкен әсер береді.

Бірақ, не дегенмен қағаз кітаптан гөрі электронды кітаптың қазіргі заман тынысында артықшылығы басым. Себебі, ол әр жерде қолжетімді. Өзіңізге ұнаған кітабыңызды кітапханаға бармай, үйде отырып та кез келген уақытта интернет арқылы жүктеп әрі сатып та ала аласыз. Қазіргі жастар үшін беттері қалың үлкен кітапты арқалап жүргеннен гөрі, оны кішкентай ғана смартфонда жүктеп алған тиімдірек деп есептеймін.

Заман талабына сай электронды оқулық болсын, қарапайым баспадан шыққан кітап болсын, оның оқылуы оқушының қызығушылығына, біліміне, кітап мазмұнына байланысты. Кез келген кітапты оқыған адам жан-жақты сана-сезімі дамыған, жеке тұлға болып қалыптаса алады.

Сол үшін де кітап оқуға деген сүйіспеншілігіміз бен махаббатымызды одан әрі арттырып, дамытқанымыз жөн болмақ. Өлем өзгеріп, жаңа технологиялар дамып жатыр. Қазіргі заман – смартфонның, телефонының дәуірі. Цифрлық технология дамыған сайын, қарапайым кітап сөрелері азайып барады. Электронды кітап болса да, қандай жолмен болса да, маңыздысы – білім алу, білу, оқу деп ойлаймын.

Қарақат ҚҰРМАШЕВА,  
Л.Гумилев атындағы  
ЕҰУ-дің II курс студенті

• ТАНЫМДЫҚ САБАҚ

## Мұражай сыр шертеді

Қарағанды облыстық бейнелеу өнері мұражайы оқушылар мен студенттерді «Суретшілер шығармашылығындағы Қазақстан аңыздары мен тарихы» атты танымдық сабақтарға шақырады. Сіз 30 шілдеге дейін сабақтарға жазыла аласыз.



Мұражай қызметкерлері еліміздің киелі тарихи орындары туралы айтып, жас қарағандылықтарды қазақстандық суретшілермен және олардың картиналарымен таныстыратын болады.

Сонымен қатар, қарағандылықтар суретшілердің шығармашылықтарымен танысып, олардың бейнелеу өнеріндегі орнын танып біледі.

«Еліміздің кең байтақ жерінде көптеген тарихи және табиғи ескерткіштер ки-

елі. Ғасырлар бойы халыққа ғажайыптар сыйлап, қайталанбас қасиеттерді көрсетті. Біздің заманымызда бұл нысандар гибадат және зиярат орындарына айналды. Біздің сабағымызда жеті суретті мысалға ала отырып, олардың ең қызықтысы туралы білуге болады», – дейді олар мұражайда.

Қарақат ҚҰРМАШЕВА,  
Л.Гумилев атындағы  
ЕҰУ-дің II курс студенті



• ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ

# Жүрегі – айна, көңілі ояу тұлға еді

Дәрігерлік – бұл ерлік. Ол өзі-өзін құрбан етуді талап етеді, ойдың, ниеттің адалдығын қажет етеді. Дәрігердің ой-санасы анық, ниғылы, мінез-құлқы таза, адал және мұнтаздай болуы тиіс.

Дәрігер атану үшін бейімділік, икемдік сынды қасиеттер аздық етеді. Дәрігердің науқас адамның сенімін иеленіп, адамды дертке берілмеуге үндеуі – зор қабілет.

Осынау маңызды салаға бүкіл өмірін арнаған абзал жандар қаншама. Солардың бірі әрі бірегейі Мұратбек Жұмақасов еді. Өзі ісінің нағыз маманы, үлкен жүрегі және адал қызметі үшін елі оны әрқашан аса қадірледі. Соның жарқын көрінісіндей отандық және халықаралық түрлі марапаттары жетерлік еді.

Жаңа әдістер мен технологияларды енгізу арқылы Қарағанды облыстық онкологиялық диспансерінің қызметкерлерімен бірлесіп, ауқымды жұмыстар атқарғаны да халықтың жадында. Ең алдыңғы қатарлы мамандандырылған жаңа заманауи медициналық орталыққа айналуының бірден-бір себепшісі де – осы Мұратбек ағамыз-тын. Айттып-айтпай не керек, арда аға еңбек жолын өлгенше халықты ауыр дерттен айықтыруға арнады. Сондықтан, тек ісімен ғана емес, үлкен жүрегімен жұртын емдей білген Мұратбек ағамыз нағыз абзал жан болатын.

Мұратбек ағамызбен сонау 1998 жылы таныстым. Ол кезде мен Қарағанды гарнизоны Әскери-тергеу басқармасының басшысы едім. Аздап сырқаттанып, бір табыс жігіт: «Мұратбек есімді білікті дәрігер бар. Мен қоңырау шалайын. Егер қолы бос болса, қабылдайды», – деп ағамызға телефон соқты. Ол уақытта Мұратбек ағамыз Қарағанды облыстық онкологиялық диспансерінде хирургия бөлімінің ментерушісі еді. Мұратбек ағамыз лезде келісіп,

ертесіне қабылдады. Мені бұрыннан білетін адамдай қарсы алып, өзімнен алып келген медицина құжаттарын мұқият қарап отырып: «Сондай ауыр сырқат жоқ, өзім ем жасаймын», – деп келісе кетті. Сол кезден бастап, тумаса да туғандай, ағалы-інілі араласып кеттік.

Ағамыздың жұмыс орнына қашан барсаң да, ол кісінің қабылдау бөлмесінде жолығу үшін көптеген адам отыратын. Қабақ шытпай қабылдап, бәріне ақыл-кеңесін беріп жататын.

Ақбота жеңгеміздің дастарханы тәуліктің қай мезгілінде де даяр тұратын. Жеңгеміздің берекелі қолынан дәм тата отырып, санаңа тек сәуле жүгіретін әңгімелер айтатын. Сол арқылы жан дауасы – жылы сөз екенін көкірегімізге құйып беретін. Ешқашан біреуді ғайбаттағанын естіген емеспін. Әрине, Мүрекеннің де ұнатпайтын адамдары да болуы мүмкін. Бірақ, оның парасатты пайымына, тектілігіне қарап, бәзбіреуді ұнатпайтыныңды сездіру үшін онымен керілдесіп, сөз таластырып, әуре болудың міндетті емес екенін, өз болмысы, жүріс-тұрысымен, айтатын сөзімен сездіретін. Жүрген жерінің бәрінде аталы сөз, айтулы іс қалдырды. Әдемі сөйлейтін, әдемі жүріп-тұрды, әдемі қартайып келе жатты. Бұдан біз абайроп аға мен қастерлі азаматтың қандай екенін білдік.

Сонау, 1998-1999 жылдары бір кездесіп, әңгіме-дүкен құрғанда, Мұратбек ағамыз алдына бірнеше



мақсат қойғанын менімен бөлісті.

«Бірінші – іні-қарындастарыма көмегімді аямай, өмірдің үлкен сара жолына салу, екіншісі – балалардың әке жолын қуып, білікті дәрігер болуы, үшіншісі – халыққа адал қызмет істеу үшін Қарағанды облыстық онкологиялық диспансерінің бас дәрігерлігі, төртіншісі – зейнеткерлікке шыққаннан кейін көп жылғы тәжірибені іске асырып, ем-дом жасайтын үйдің қасына жекеменшік клиника салсам», – деп еді. Аллаға шүкір, алдына қойған барлық мақсат-тілектері орындалды. Бірақ, сұм ажал ағамызды кенеттен о дүниеге алып кетті.

Ағамыздың жарқын жүрекке ұя салған мақсат-арманы өзімен бірге есейіп, қандай қызметте жүрсе де, тыным таптырмады. Сол себепті, өзін-өзі үнемі қамшылап, алға жетелеумен болды. Санасына өмір бере алды, ең бастысы, өз өмірін өзі орындауға күш-қайраты жетті.

Адамның ұзақ өмірінде кезде-

сетін кедергілер басты қиындық емес. Басты қиындық – адамның өзі, кез келген адамның бойынан табылатын пенделік осалдықты ысырып тастап, өзін-өзі жеңуі. Олай болса, Мұратбек ағамыз Абай айтқан «бес дұшпаннан» қашық жүріп, «бес асыл іске» асық болған, барлық қажыр-қайратын сол асқақ арман-мұратына жетуге сарқып жұмсаған және арман-мұратына жеткен қайраткер.

Соңғы рет кездескенде: «Бауырым, жасыратыны жоқ, кейінгі кезде тез шаршайтын болдым. Алла қаласа, жазда демалысқа кетемін, Жүмеке, бір-екі күн далаға шығып, балық аулап қайтсақ қалай?», – деп қолқа салып еді. Бір-екі күннен кейін ағамызға қоңырау соғып: «Демалыс күні Жаңаарқаның Қарағаш-Қызылағашына барып қайтуға уақытыңыз бола ма?», – деген едім. Балаша қуанып: «Қарағаш-Қызылағаш әдемі жер ғой, өте дұрыс. Онда сенбі күні екі баламды алып, екі көлікпен шығып

кетейік!», – деп келісе кетті. Бірақ, өкінішке орай, сол күндері ат құлағы көрінбейтін боран бір жеті соғып, біздің сапар аяқсыз қалды. Осыдан кейін бір-екі жетіден соң ағамыз кенеттен қайтты.

2023 жылғы ақпан айында «Халықтың Мұратбегі» деген, дәрігерлік сертінге өле-өлгенше адалдық танытқан, барлық саналы өмірін елі игілігіне арнаған, Қарағанды облыстық онкология орталығын жиырма жылдай басқарған Мұратбек Дәулетханұлы туралы дара тұлғаның табиғи болмысын ашатын туынды жарық көрді. Онда еліміздің зиялы қауымының, дос-жарандарының ыстық ықыласы, туған-туыстары, іні-қарындастарының жан сыры, медицина саласындағы үзегілес әріптестері мен шәкірттерінің жүрекжарды лебіздері топтасты.

2023 жылғы маусымның 13 күні ес білгелі Мұратбек ағамызбен тай-құлындай бірге өсіп, есейген, мектепте он жыл бірге оқыған, мектеп бітіргендеріне 50 жыл толған сыныптастарының бастамасымен өнегелі іс-шара – Түгіскен (Жеңіс) ауылында жалғасты.

Жанайдар Сәдуақасов атындағы орта мектептің қабырғасына Мұратбек Дәулетханұлына арнап, естелік тақта орнатып, мектеп мұражайына суреті мен өмірбаяны жазылған стенд қойылды.

Ағамыздың өмірде достарымен қарым-қатынасы қандай болса, достарының да адалдығы, қайырымдылығы мен сыйластығы, шынайы лебізі дәл сондай еді.

«Өлді деуге бола ма, ойлардың, өлмейтұғын артына сөз қалдырған!» – деген, ұлы Абайдың сөзін Мұратбек ағамызға қаратып айтсақ, артық етпес еді. Ағамыз – соңына өлмес сөз, өшпес із, ұмытылмас іс қалдырған нағыз Тұлға!

**Жұмағұл ШОЖЕНОВ,**  
**Ұлытау облыстық сотының судьясы,**  
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі**

• ДЕНСАУЛЫҚ

# Тың бастама, нық қадам

Медициналық көмектің сапасын жақсарту үшін елдің медициналық ұйымдарында ақпараттандыру, қоғамдық мониторинг және кері байланыс тетігі енгізілуде. Қазір ол Алматы, Жамбыл облыстарының, Талдықорған қаласының медициналық мекемелерінде жүзеге асырылуда. Жақында Қарағанды қаласында да іске қосыла мақ.

**Жансая ОМАРБЕК,**  
**«Ortalyq Qazaqstan»**

Бұл практиканың мақсаты – медициналық ұйым мен пациенттер арасында, олардың отбасы мүшелерімен, жергілікті қоғамдастық өкілдерімен тиімді байланыс орнату.

Сонымен қатар, бұл бастама медициналық ұйым қызметкерлері мен халықтың бірлескен әріптестігі медициналық ұйымға деген сенімділікті арттыруға, оның имиджі мен беделін көтеруге мүмкіндік береді. Бұл үшін медициналық ұйымның жанынан «Халық кеңесі» құрылады. Ол денсаулық сақтау саласының қоғамдық сенім комитеті немесе консультативтік-кеңесші орган болмақ. Денсаулық сақтау ұйымы мен халық арасында диалог құрып, медициналық көмек көрсету бойынша проблемалық мәселелер талқылау мен шешім қабылдау алаңына айналады.

Аталған тәжірибе пациенттердің шағымын азайтып, көрсетілетін медициналық қызмет сапасын жақсартады деп күтіледі.

• АКЦИЯ

# «Тәртіпсіз ел болмайды...»

Қарағанды өңірлік гарнизоны әскери полиция басқармасының ұйымдастыруымен «Астана» өңірлік қолбасшылығына қарасты Спасек оқу-жаттығу орталығында жергілікті әскери басқару органдарының басшылығымен Қазақстан Республикасының әкімшілік және қылмыстық заңнамасына сәйкес, профилактикалық іс-шаралар жүргізілді.

**Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,**  
**«Ortalyq Qazaqstan»**



Аталған шарада Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінде қылмысқа орын жоқ екені айтылып, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және басқа да құқықбұзушылықтар үшін заң жүзінде жауапкершілікке тарту туралы мәселелер талқыланды.

Әскер қатарында жемқорлыққа қарсы кешенді профилактикалық жұмыстар қарқынды. Сонымен қатар, Қарулы күштер қатарында жемқорлық іс-әрекеттерін болдырмау мақсатында түсіндіру, ескерту жұмыстары барынша жүзеге асырылады.

«Тәртіпке бағынған құл болмайды». Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу керек. Мемлекеттік қызметте заң бұзушылыққа итермелейтін фактілер куәсі немесе ақпаратын білген жағдайда құқық қорғау органдарына хабарлау керек. Құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары жеке құраммен жиі өткізілуі тиіс. Себебі, осындай кездесулерді өткізіп, хабардар ету жеке құрамның теріс іс-әрекетке бармауына сеп болады, – деді Қарағанды өңірлік гарнизоны әскери полиция басқармасы алдын алу бөлімінің бастығы Жарқынбек Молдаханов.

• БЕЙБІТ КҮННІҢ БАТЫРЫ

# Ерлік – ұрпаққа мұра

Кешелі-бүгінді Топар кентінің тұрғындары Мұхамет пен Гүлбағиланың шаңырағында «ақ түйенің қарны жарылған» үлкен қуаныш. Мұнда кіріп-шығып жатқан кісіде есеп жоқ. Олар өткенде бүткіл елімізді дүрліктіріп, он бес адамның өмірін жалмаған Семей орманындағы алапат өртті өшіруде қаһармандық көрсетіп, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы 29 маусымдағы Жарлығымен «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған осы үйдің кенже ұлы Мұрал Мұхаметұлының жабыла құттықтауда.

**Ержан ИМАШ,**  
**«Ortalyq Qazaqstan»**

Ол 10 күннен аса тілсіз жаумен алысып, отбасына аман-есен оралып, кезекті еңбек демалысында ауылдағы ата-анасына келген беті екен. Сәлемдесе келген елдің бәріне сондағы бастан кешкен оқиғасы мен қорқынышты көріністі суреттеп, айтқан сайын естіген адамның жаны тұршітіп, жағаларын ұстап, «Құдай сақтаған екен» дей береді. Мұралдың әр сөзін еміне тыңдап отырып, «Ой, Ерім-ай! Ой, азаматым-ай! Жарайсың!» деген сүйсіністерін де жасыра алмайды.

Астана қаласындағы 4-мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің жүргізуші-маманы, аға сержант Мұрал Мұхаметұлының қысқаша әңгімесі мынау: «Семей орманында жойқын өрттің басталып, бой бермей жатқаны туралы шұғыл хабар тиісімен

біздің бөлімнен 15 өрт сөндіру машинасы толық құрамындағы экипажымен жолға шықтық. Менің экипажымда 6 адам. Өзім, бөлім бастығының орынбасары, 2 бөлімше командирі, 2 жауынгер болдық. Жеткен бойда кірісіп, 3 нүктеде күн-түн демей, жалаңдаған қып-қызыл отпен арпалыстық. Оның беті қатты болды. Ұзын ағаштардың бойымен лапылдаған жалын 50-60 метр биіктікке дейін көтерілгенде, жанына таяп бару мүмкін емес. Кейде құйындай ұйытқып, қасына қалай жетіп келгенін аңдамай да қаласың. Оның қою түтінінен күндіздің өзі көзге түртсе көргісіз қараңғы. Келген ізіңнен жаңылсаң, біткенің. Не отқа оранасың, не көлігіңмен ағашқа соғыласың. Ұзын, ауыр шлангіні бірнешеуіміз көтеріп ұстап, қашықтан тұрып атқылатып суды шашамыз келіп. Жалын шарпыны арнайы киімнен де өгіп кетеді. Ештеңе ойлауға мұрша жоқ. Жан алып,

жан беріскен жанталас. Бәріміз бір адамдай қимылдап, ақыры 18 маусымда алапат өрттің бетін қайтарып, оны толығымен сөндіріп бітірдік-ау...

Енді, медаль алуына себепші болған оқиғана оралсақ. Сол жерде 12 маусымда астаналық 2 экипаж Талица ауылы маңындағы өртті сөндіріп жүргендерінде рация арқылы өртті бақылау пунктіннен жедел хабар түседі. Бұлар тез арада 10-15 минуттың ішінде жолындағысын жайпап, жақындап келе жатқан қалың өрттің құшағында қалатындары ескертілді. Жалма-жан құрал-саймандар мен шланғыларын жинап алған олар келген ізмен кері құйытты. Жолшыбай сынып қалған өрт сөндіру көлігінің жанында тұрған семейлік 2 жігітті көреді. Естері шыққан екеуі ала кетулерін қайта-қайта өтінуде. Ойлануға мұрша жоқ. Арыстай екі азаматты ажал аузына қалай тастап кетпек?! Мұрал көлігінен түсе сала, өзінің тросына екінің машинасын тросын жалғап, тежегіші де істен шыққан көлікті тіркеп алып, ызғытқаннан ызғытып, төніп келген қауіптен сытылып шыға берді. Артынша сондарынан өкшелеп келген қалың өртті бәрі жабылып, ауылға жеткізбей ауыздықтады-ау!

Сонда Мұралдың ойында осы екі адамды өлімнен құтқарудан басқа ештеңе жоқ еді. Әйтпесе, үйде қалған жары мен әлі жерден бауырын көтермеген шпентей 3 баласы бар еді ғой. Бірақ, өмір мен өлім арпалысқа түскен сәт оны ойлапты да. Сөйтіп, ол өзінің ғана емес, жеті бірдей адамның өмірін тосын ажалдан, тағы екі техниканы жанып кетуден аман сақтап қалды. Міне, осы көзсіз ерлігі үшін қасындағы жолдастары мен келіп жеткен комиссия аға сержант Мұрал Мұхаметті мемлекеттік марапатқа ұсынған.

Сол «Ерлігі үшін» медалін Мұрал осы 5 шілдеде Астана қаласында еліміздің Төтенше жағдайлар жөніндегі министрінің орынбасары Ибрагим Күлшімбаевтың қолынан алып, отбасымен Топарға тартып отырған. Ол мұнда тумаса да, 2004 жылы ата-анасы



Қытай Халық Республикасының Шыңжаң өлкесінен осы кентке қоныс аударғанда, 13 жастағы бала болатын. Бара-бара бұл араға да туған жеріндегі бауыр басып кеткен жеткіншек осындағы Абай атындағы мектеп-гимназия, Мичурин аграрлық-техникалық колледжін, кейін Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін сырттай оқып, бітірген. Содан соң Ақтау қаласында теңіз жаяу әскері қатарында Отан алдындағы борышын өтеп келіп, үйленіп, 2017 жылы Елордаға көшіп, жоғарыда айтылған өрт сөндіру бөліміне жұмысқа орналасып, көп ұзамай екі бөлмелі пәтер де сатып алады. Балаларының үлкені – 7 жастағы Аманкүлі 1-сыныпты жаңа аяқтаса, одан кейінгі Даригасы – 5, ал, Ұлжаны бір жарым жаста ғана. Медбике болып істейтін жары Қапура қазір баламен – үйде. «Жаман айтпай, жақсы жоқ» демекші, егер сол өртте Мұрал жазатайым жазым болып кетсе, осы көгенкөздерінің жетім-жесір қалғанына кім кепілдік бергендей...

«Мұрал сол күндері кезекті кезекшілігіне кетіп, үйге үш күн оралмай қойды. Хабарласам, телефонын көтермейді. Үшінші күн дегенде ғана телефон шалып, Семей орманында өрт сөндіріп жүргенін айтты. Содан, ол қашан сөндіріліп біткенше менде маза болсашы. Күнде теледидар қарап, қаза тапқандардың тізімінде жоқтығына көзім жеткенде ғана сабама түсемін де, амандығын тілеуімді тоқтатпаймын. Сол тілегім періштенің құлағына шалынып, ортамызға сау-саламат

оралды ғой», – дейді Қапура қуаныштан жүзі бал-бұл жайнап.

Ал, анасы Гүлбағила мұны естіген сәттен есі шығып, әр сөйлескен сайын ұлына «Өрт ішінде өзіңмен бірге 5 литрлік 2 баклашқаға (пластикалық ыдыс қой) су толтырып, ала жүр. От ортасында қалып қойсаң, үстіңе құясың да, шығып, жүре бересің!» деумен болады. «Қайран ана жүрегі-ай!» десеңші! Сол екі баклашқадағы су адам түгіл темірдің өзін балқытып жіберетін қызыл жалыннан баласының жанын сақтап қалады деп ойлағаны ғой басқадай дәрмені болмаған соң.

Ал, түйе қозғалса қозғалмайтын әкесі Мұхамет «Балам батыр бабасы Базарқұлға тартқан» деп, көтеріліп, желпініп қояды. Шынымен де, «Тегінде бар тегін болмас» дегендей, бұлардың тікелей аталары Базарқұл батыр қазақ-қалмақ соғысында ерлік көрсетіп, Жоңғар мемлекеті жойылған XVIII ғасырдың екінші жартысында олардан босаған ежелгі ата қонысы Моңғолия мен Шығыс Түркістан жерлеріне он екі ата Абақ-Керейді Ер Жәнібек екеуі бастап апарған. Ал, бейбіт күннің батыры атанған оның жетінші ұрпағы Мұрал Мұхаметұлы қалай мадақтаса да, лайық! Ендігі кезекте ортамыздан шыққан батырмызды бір кезде өзі оқыған мектебі мен колледжі, университеті, берісі кенті, әрісі аудан, облыс әкімдігі кездесуге шақырып, сый-құрмет жасап жатса, құба-құп. Өйткені, ерлік – елге үлгі, ұрпаққа мұра.

**Абай ауданы**

# Автоматты түрде есепке алынады



2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап 17 жастағы ер-азаматтар автоматты түрде әскери есепке алынады. Қорғаныс министрлігінің хабарлауына, бұл бастаманы жүзеге асыру мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін түрлендіру мен интеграциялаудың арқасында мүмкін болды.

тірілген Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйесінде көрсетіледі», – делінген хабарламада.

Жыл сайын 17-ге толған 120



мыңға жуық бала әскери есепке алынады екен. Қызметті автоматтандыру – шақыру учаскелеріне тіркеуді ұйымдастыру

және жүргізу үшін жергілікті атқарушы органдарға жыл сайын бөлінетін миллиард теңгеден аса бюджет қаражатын үнемдеуге мүмкіндік береді. Ал, үнемделген қаражат медициналық комиссия мүшелеріне еңбекақы төлеу, шалғайдағы ауылдық округтер-

ден жастарды әскери комиссариаттарға алдыру, кеңсе тауарлары және тағы да басқа қызметтерге жұмсалмақ.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

«Қорғаныс істері жөніндегі департаменттің бастамасын Премьер-Министр, мүдделі мемлекеттік органдар, облыс, қала әкімдіктері қолдады. Оны жүзеге асыру мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін түрлендіру мен интеграциялаудың арқасында мүмкін болды. Бұл еліміздің 16 жастан 60 жасқа дейінгі ерлерді әскери есепке алумен толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап пилоттық жоба аясында 17 жастағы ер-азаматтарды әскери есепке алу автоматты түрде өтеді», – деп хабарлады Қорғаныс министрлігінің баспасөз қызметі.

Қолданыстағы заңға сәйкес, 17 жасқа толатын ер-азаматтарды тіркеу жыл сайын жүргізіледі. Бұл әскери қызметке жарамдылық деңгейін анықтайды.

«Осыған байланысты, денсаулық сақтау ұйымдары бір айлық кезінен 18 жасқа дейінгі балаларды кейіннен динамикалық бақылаумен және сауықтырумен профилактикалық медициналық тексерулерді жүзеге асырады. Бұл ретте жалпы практика дәрігерлері бейінді мамандардың қорытындысын және зертханалық-диагностикалық зерттеулерді ескере отырып, 15 пен 18 жас аралығында балалардың денсаулық жағдайына кешенді бағалау жүргізеді. Мұндай деректер Қорғаныс министрлігімен бірік-

## Еске алу

Қарқаралы ауданының тұрғыны, асқар тау әкеміз, ардақты жан – **Исатай Жолманұлы ОСПАНОВТЫ** мәңгілік мекеніне шығарып салғанымызға 20 шілдеде 40 күн толады. Өмір деген қас қағым сәт екен. Шаңырағымыздың ақылшы-қамқоршысы, төріміздің сәні, арқасүйер панамыз мына жалғанды тастап, бақиға кете барды. Алланың үкімі мен өлшеп берген өміріне не шара?! Қанша жабықсақ та, қанша жас төксе те, асыл әкеміз бұл өмірге енді қайтып келмейді. Кеше арамызда жүрген шауақты кезі, күліп-ойнап отырған жарқын жүзі, бірге өткен сәулелі жылдар келмеске кетті дегенге қалайша сенеміз?! «Әкешім-ау!» деп қалайша еміренбей, қалайша көкірек ах ұрмайды! Айтқан ақыл-ойы, көрсеткен үлгі-өнегесі, сілтеген бағыт-бағдары, қалдырған жолы – бәрі де біз үшін кастерлі құндылықтар. Бақұл бол, асыл әке! Жатқан жерің жарық, топырағың торқа болсын! Алланың шапағатына бөленіп, мәңгілік мекенің жұмақ әлемі болсын, аяулы әкешім!



Бұл жалғанның кім білген соңғы күнін, Жылайды деп өзгертпес Алла әмірін. Құлазиды үй іші суық күздей, Ойсырап тұр төрімде, әке, орнын.

Сағына еске алушылар: жары – Несіпжан, қарындасы – Гүлзада, балалары мен немерелері.

**Р.С:** Әкеміздің 40 күндік асы 20 шілде, сағат 13:00-де Жанатоган ауылы, Мешіт асханасында, 23 шілде сағат 13:00-де Қарқаралы қаласындағы «Асылан» дәмханасында беріледі.

т.б

## ҚЫЛМЫС

# Бұзау тиеген көлік

Қарқаралы аудандық полиция бөлімінің криминалдық полиция қызметкерлері қылмыстың алдын алды. Төртін сақшылары ауыл жатқан келе жатқан жеңіл көлікке назар аударды. Көлікті тоқтатқан олар жүк салғышынан тірі бұзауды табады.

Жансаия ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Көлік жүргізушісі 43 жастағы азамат бұзаудың өзіне тиесілі екенін дәлелдейтін ешқандай құжат көрсете алмаған. Тексеру жұмыстары

барысында оның бұзауды көршісінен ұрлап алып, сатып жібермекші болғаны анықталды. Аталған дерек бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 188-1 бабына сәйкес қылмыстық іс қозғалып, тергеу амалдары жүргізілуде.

**Қарағанды Шинсервис**

Арнайы дилер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

**ШИНАЛАР**

- жеңіл автокөліктер үшін
- жеңіл жүзекшіліктері үшін
- тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін
- арнайы техникалар үшін

Қарағанды қ. қойма: Асфальтная көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1 тел. 8(7212) 97 20 27; 8 707 80 35 800

**Электрондық пошта:**  
ortalyk.kaz@mail.ru

## Еске алу

Қамшының сабындай келте гүмбірдің қас-қағым сәтте қайырылатыны-ай.... Күні кеше ғана ортамызда жарқырап, жайдары мінезімен жүректен орын ала білген қадірлі құрбы, ардақты әріптес, ақсөзі замандас, ұлағатты ұстаз, асыл ана, аулы жар **Айгүл БАТЫРХАНҚЫЗЫНЫҢ** келмесің кемесіне мініп, алыстап бара жатқанына айдың жүзі болды.



2007 жылдың салтанатты сары күзінде сынғырлаған қоныраудың үнімен ілесіп, Айгүл замандасымыз Қарағанды қаласындағы білім ордаларының бірі – №16 мектептің табалдырығын аттап, қатарымызға қосылған еді. Өзінің жайдары мінезімен маңайына жайма-шуақ толқын ала келді. Әріптестердің ортасына тез бейімделіп, білім саласына үлес қосуға құлшына кіріскені әлі күнге аз алдымызда. Тартына басып, табалдырықты аттаған әр бүлдіршінің талабына таудай тілек тілеп қарсы алып, болашаққа қарай жетелегенінің өзі ерекше еді. Әр бүлдіршінің көңіліне алаңдай қарап, аса ыждаһаттылықпен тәлім бергенде жарық жұлдыздай жарқырағанының өзі өзгеден мүлде бөлек болатын.

Дос болам дегенге дара қарайтын. Сырласатын жанға сыр сандықтай болатын. Мұның айтқанға мағназданбайтын. Ақыл сұрағанның таптырмас кеңесшісі болардай көркем мінезінің өзі өзгеден ерек-тұғын. Ал, енді....

Енді жұмысымызға барып, өзің жүрген жаққа қарайлап жүргенімізге қырық күннің жүзі болған екен. Еңкейген күнмен бағысқа қарай жол алып, еңістен асып көрінбей кеткеніне елеңдеумен қалдық, қадірлі құрбы.... «Ертен келемін» деген сөзің жадымызда әлі жаңғырып тұр. Ертенгі күні қаралы хабардың құшағында оралатыныңды әсте ойладық па, асыл құрбы?! Арман-тілектің соңғы сапарыңмен бірге үзілетінін сезбедік те қайран әріптес. Амал не....

Ендігі уақытта бар болғаны жаратушымыздан жалбарына отыра бір өзің үшін дұға тілеу. Соңында қалған жақсыларыңның амандығына тәубе қылудан басқа не қалды... Жатқан жерің жайлы болсын, асыл дос! Алланың шапағат болсын, құрметті әріптес. Біздің есімізде мәңгі сақталасың. Жүректегі есіміңіз ешқашан өшпейді, Айгүл Батырханқызы!

Сағынышпен еске алушылар: қимас дос әріптестеріңіз.

№428

# Зайырлылық – мемлекет пен ұлт тұтастығының кепілі

«Қазіргі Қазақстан – бұл нарықтық экономикасы бар, демократиялық, зайырлы мемлекет».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Тарихымызға назар салып қарасақ, зайырлылық қағидаттары жат болмағанын байқаймыз. Ата Заңымыздың алғашқы бабының әуелгі тармағында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтанып жатқанын білестіреді.

Еліміз зайырлы мемлекет ретінде азаматтарымызға, ұлтымызға, халқымызға ар-ождан бостандығын бере отырып, белгілі бір дінде таңдауға мүмкіндік ұсынды. Ең алдымен, ол – Тәуелсіз Қазақстанның азаматы, себебі кез келген азаматтың бойында діни құндылықтармен қатар азаматтық, елдік, патриоттық қасиеттер бар.

дiгiн айтады. Себебi, зайырлылық – бiздiң елiмiздiң жағдайында бiрден-бiр ыңғайлы, әмбебап әрi тарихи тұрғыдан қалыптасқан мемлекеттiң сипаты екендiгi үздiксiз айтылуда. Мәселен, белгiлi дiнтанушы, ғылым докторы Мұхан Исахан бұл жайында: «Бiздiң мемлекетiмiз Ата Заңымызда көрсетiлгендей, дiн қатынастарын реттеуде зайырлылық қағидаттарын басшылыққа алады. Алайда, зайырлылықтың қатып-сепiлiп қалған абсолюттi догма емес екенiн дұрыс түсiнуiмiз керек. Нағызды, зайырлылық деп – халықтың дiни-рухани мұқ-мұқтаждықтары мен талап-тiлектерiн қанағаттандыруда мемлекет мүддесi ескерiлген саяси-құқықтық шешiмдерсiн жүзеге асырун айтамыз. Яғни, зайырлылық – ұдайы қозғалыста болатын тiрi организм, соған сәйкес, ол қажет кезде модернизацияланады», – дейдi.

Зайырлы мемлекеттің басқару жүйесінде құқықтық қағидаттарға негізделуі, ар-ождан және сенім бостандығының қамтамасыз етілуі, рухани құндылықтардың қастер тұтылуы десе, осы ұстанымдар ғасырлар бойы сол дәуірдің түсінігіне сай қалыптасып келе жатқаны анық. Зайырлылық – қоғам өмірін құқықтық тұрғыдан реттеп, ұлттық рухани құндылықтардың сақталуы мен дамуына жағдай жасайды. Ұлттық таным мен елге, жерге деген құрмет сезімін қалыптастыратын зайырлылық ұстанымы – мемлекеттің жан-жақты дамуының кепілі.

Елдің азаматтары зайырлылық қағидаларын мемлекетіміздің баянды болашағының кепілі ретінде сезінес, теріс әрекеттерге, әсіресе бүгінгінің өзекті мәселесі болған әсерінен ішкілікке бой алдырмас еді. Себебі, кешегі қаңтар оқиғасын ұйымдастырғандар арасында дін атын жамылған лаңкестердің де бар екені айтылды. Алайда, олар мұндай сұмдық әрекетке, біріншіден, мемлекеттің зайырлы ұстанымын мойындамай, екіншіден, діни құндылық ретінде дұрыс ұғынып-түсінбей, сырттан келген теріс ақпаратқа ергендіктен барған. Бұл әрекеттер рухани құндылықтарды күйретуге бағытталып, ішкі тұрақтылыққа қауіп төндірді. Сондықтан да қоғамда кейбір азаматтар зайырлылық дегенде «мемлекет діннен, дін мемлекеттен бөлек» деген қағиданы біржақты түсініп, дін мен мемлекетті, ұлт пен дінді, тіпті дін мен қоғамды бір-біріне қарсы қоюда.

Қоғамда зайырлылық қағидаттарымен қатар діни қызмет және ұлттық құндылықтар әрдайым өз арнасымен жалғасып, насихатталып келеді. Оның насихатталуы мен нығаюы – Қазақстан дамуының басты нәтижелерінің бірі. Өйткені, дін де ұлттың ұлы құндылықтары тұрақтылық пен бірлікке қызмет ететіні аян. Осы тұрғыдан алғанда, еліміздің тұрақтылығына, дамуына, берекесімізге нұқсан келтіретін жат түсініктің алдын алу – әрқайсысымыздың негізгі міндетіміз. «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» деп халқымыз бекер айтпаған.

Сондықтан, бүгінгі адамзат қоғамына тән өзгермейтін құндылықтардың бірегейі де сол зайырлылық. Бұл ұстаным көптеген қоғамдарға және ұлттарға ежелден етене тән. Көптеген көзқарастар тұжырымдала келе кез келген мемлекеттің сипатына әсер еткенін байқаймыз. Баршамызға белгілі, Қазақстан – қазақ халқының ата-баба мекені, ежелгі қонысы. Бұл жерде ата-бабамыздың кіндігі кесілді, туған жердің топырағында өмір сүрді.

Дін қоғамнан, қоғам діннен бөлінбейді, ол мүмкін де емес. Өкініштісі, дін мен қоғам байланысын тым тар мағынада түсініп, бүгінде бұл мәселені тек экстремизм, терроризммен күрес аясында ғана қарастыру үрдісі алуда. Қазір дін мен қоғамның жан-жақты ықпалдастығы олардың өзара әсерлі, тартымды байланыстарынан көрінеді: дін және мемлекет, дін және ұлт, дін және өнер, дін және әдебиет, дін және экономика, дін және достар, дін және еңбек, дін және БАҚ, т.б. Еліміздің танымал сарапшылары қоғамдағы тұрақтылықты сақтауда зайырлылықтың орны ерекше екен-

Тәуелсіз елімізде жақсыны көруге де, оқып-білуге де жан-жақты мүмкіндік жасалғанын бағалай білейік. «Жат түсінік» өзінің атынан белгілі боп тұрғандай, ол – бізге «жат». «Адамның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқан соң» демекші, дін тек сенім мәселесіне емес, мораль мәселесіне де тікелей қатысты, дін – кемел мінез, кемел ой, кемел білім қалыптастырып, ұлтымыздың ұлы құндылықтары арқылы даналықтың шыңына жете аламыз. Ал даналықтың шыңы ұлттың құндылығы, дінің тағылымы, өмірдің талабы, халықтың ықыласын танытады. Ендеше халықтың, елдің көңіліне қауа түсіріп алмай, дамудың даңғыл жолымен, халқымыздың құндылығымен бірге өмір сүре отырып, берекесімізді одан сайын бекіте түсуіміз қажет.

XX ғасырдың сүргінін бастан кешіп, жаңа мыңжылдықтың табалдырығынан аттаған Қазақстан өзінің барша төлтума болмысын, жарқын да бай мәдениетін, ғасырлар қойнауында қалыптасқан салт-дәстүрін, қызық та қиы тарихын әлем халықтарының алдына жайып салып, жаңа өмірді жаңғыртып, еңбек пен мәдениеттің салтанат құруы үшін, келісімі жарасқан өркениеттің адамзатпен бір сапта болуы үшін қанаша өмірге қадам басты. «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» деп аталатын Мемлекет басшысының Жолдауынан еліміздің жаңа бағыт түзеп, дамудың даңғыл жолына түскенін көріп отырмыз. Тәуелсіз еліміздің ең алдымен, сан түрлі ұлттардан және конфессиялардан құралған халқының

Әсет НҰРОВ Kazislam.kz Д

Қарағанды облыстық мәслихаты облыстық мәслихаттың депутаты, «Қолғанат-Қарағанды» ЖШС компаниясының басшысы және негізін қалаушы, «Respublica» партиясы» ҚБ Қарағанды облыстық филиалының жетекшісі

**Асхат Жалғасбайұлы ЕСЕНТУРОВАТЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туыстары мен жақындарына қайғырып көңіл айтады.

**43-21-55**  
Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

## Қарағанды облысы: ауа райы

	15 шілде		16 шілде		17 шілде	
Қарағанды қаласы	+25	+17	+27	+15	+31	+16
Абай ауданы	+26	+16	+28	+15	+32	+15
Ақтоғай ауданы	+26	+16	+28	+13	+30	+12
Бұқар жырау ауданы	+25	+17	+26	+15	+30	+15
Қарқаралы ауданы	+24	+15	+27	+13	+29	+14
Нұра ауданы	+26	+16	+28	+15	+33	+15
Осакаралы ауданы	+25	+17	+26	+17	+31	+16
Шет ауданы	+26	+16	+28	+13	+31	+14

Ақпарат: <https://www.gismeteo.kz/> сайтынан алынды



## • ФОТОЭТЮД



Фотоэтиді түсірген Жангелді Әбіғалым

## • САЛАМАТТЫ ҚАЗАҚСТАН

## Спорт – дұрыс таңдау

Спортпен айналысу – құқық бұзушылықтың алдын алудың негізгі әдістерінің бірі. Әсіресе, жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алуда спорттың рөлі маңызды. Облыстың бас сақшысы Санжар Әділовтің Ә.Молдағұлова атындағы облыстық мамандандырылған олимпиадалық резервтегі мектеп-интернат-колледжінің жас спортшылармен кездесуінің мақсаты – осы.

Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Спорт арқылы сіздер балалар арасында патриотизм сезімін ұялататын бірден-бір маман болып қалыптасасыздар. Сондықтан да, ең алдымен өздеріңіз заңдылықты сақтап, қылмысқа қарсы тұру кезінде қатарыңызға үлгі болады деп сенемін. Әрине, сіздерден спортта үлкен жетістіктер күтеміз. Ал, оған жету үшін нашакорлық, ішімдік ішу сияқты жаман әдеттерден аулақ болуларыңыз қажет. Сонда ғана спорттың биік шыңына жетесіздер, біздің болашағымыз, сіздердің қолдарыңызда, – деді Санжар Әділов.

Сондай-ақ, ол жастарға әкімшілік және қылмыстық жауапкершіліктің қай кезден басталатынын еске салды.

Кездесу барысында полиция генерал-майоры оқу орнының тарихымен танысып, спорт сыныптарын аралады. Тәуелсіздік жылдарында мектеп-интернаттың 33 тәрбиеленушісі алты жазғы және үш қысқы Олимпиада ойындарына қатысып, жоғары нәтижелерге қол жеткізгенін де айта кеткен ләзім.

Соның бірі екі дүркін әлем чемпионы, XXX Олимпиада ойындарының чемпионы, «Баркер» кубогының иегері Серік Сәпиев екені мәлім.

## • ПАРАЛИМПИАДА

## Азия рекордын орнатты

Қарағандылық спортшы Дастан Мұқашбеков Париж шаһарында өтіп жатқан жеңіл атлетикадан әлем чемпионатында қола медаль жеңіп алып, Азия рекордын орнатты.

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Спорт додасына 107 елден 1300-ге жуық спортшы қатысуда. Жарыстың 10 күнінде (8-17 шілде аралығында) 171

## • УЛЬТРАМАРАФОН

## Тәулікте 153 шақырымды бағындырды

Теміртаулық спортшы Захар Бушинов халықаралық тәуліктік ультрамарафонда жеңіс тұғырынан көрінді. Захар 24 сағат ішінде 153 шақырымды бағындырды. Елорданың «Астана» триатлон-паркінде өткен додаға Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан және басқа елдердің спортшылары үш жас санатында бақ сынасты.

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Захар Бушинов 18-35 жас аралығындағы топта бірінші орынды иеленді. Желаяқтың Ә.Молдағұлова атындағы мамандандырылған мектеп-интернатының тәрбиеленушісі екенін атау ләзім. Оған қоса, 400 және 800 метрге жүгіруде жеңіл атлетикадан халықаралық старттардың жүлдегері әрі жеңімпазы. Жабық үй-жайларда 4-тен 400 метрге дейін эстафеталық жүгіруде экс-рекордшы 2012 жылы әуесқой спортқа ауысқан болатын.

– Жеңіл атлетикаға 2002 жылдан ден қойдым. Тәуліктік жүгіру туралы бір ай бұрын естідім. Марафонды біз Астана саябағында километрлік шеңбермен жүгірдік. Түнде күрделілеу болғаны рас. Алдағы уақытта марафондарға үзбей қатысу ойымда бар, – дейді Захар Бушинов.

## • БӨРЕКЕЛДІ!

## Көк Туды желбіреткендерге құрмет

Мәдениет және спорт министрлігінің бұйрығымен бұдан былай елеулі нәтиже көрсеткен спортшылар өмір бойы ай сайын материалдық көмек алады.

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Олардың қатарында Олимпиада, Паралимпиада және Сурдлимпиада ойындарының чемпионы мен жүлдегерлері, сондай-ақ, олимпиадалық спорт түрлерінен әлем чемпионы атағын жеңіп алған спортшылар (100 айлық есептік көрсеткіш, ол 2023 жылы – 345 000 мың теңге), Олимпиада, Паралимпиада және Сурдлимпиада ойындарының чемпионы мен



жұлдегерлерінің, сондай-ақ, олимпиадалық спорт түрлері бойынша әлем чемпионы атағын жеңіп алған спортшылардың жаттықтырушылары (100 айлық есептік көрсеткіш) бар.

Материалдық қамсыздандыру республикалық бюджет қаражаты есебінен дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органның бюджеттік бағдарламалары арқылы төленеді.

Допинг қолданған немесе қолдануға әрекет жасаған жағдайда спорттық нәтиже жойылып, өмір бойғы төлем тоқтатылады.

Бұйрық 2023 жылғы 16 шілдеде күшіне енеді.

спортты мектебінің тәрбиеленушісі Дастан Мұқашбеков нысанаға ату спортынан қола алды. Оның нәтижесі – 15 м. 74 см. Бұған дейін спортшы екінші-тін. Дастанның көрсеткішінен 8 см. басым түскен мексикалық спортшы күмісті жеңіп алды. Бұл санатта Тунис өкілі жеңімпаз атанып, әлем рекордын орнатты (16.86). Ал, Дастан Мұқашбеков Азия құрлығында үздік нәтиже көрсеткен спортшы атанды және 2024 жылғы Паралимпиада ойындарына жолдама алды.

Осы жаһандық додаға 120 мемлекет тіркелді. 2000-ға жуық спортшы төрт



жылдық басты ойындарына қатысу мәртебесі үшін күреседі.

## • ФУТБОЛ

## «Шахтердің» қорғанысы нығайды

«Шахтер» футбол клубы қазақстандық қорғаушы Дінмұхаммед Қашкенмен келісімшартқа отырғандығын мәлімдеді. Бұл туралы клубтың инстаграмдағы парақшасында жарияланды.

Дінмұхаммед Қашкен «Шахтер» командасына литвалық «Жальгирис» футбол клубынан ауысып келген. Бұған дейін 23 жасар қорғаушы мадридтік «Атлетико» мен тағы бір испандық клуб «Касабланка» сапында ойнаған көрінеді. Ал, ел аумағында Дінмұхаммед елордалық «Астана», талдықорғандық «Жетісу», қызылордалық «Қайсар» және «Ақтөбе» сынды клубтарда доп тепкен. Дінмұхаммед Қазақстан жастар құрамасы құрамында 11 кездесу өткізсе, Ұлттық құрама сапында 1 рет алаңға шыққан.

## • ХОККЕЙ

## «Әрқашан жеңгім келеді...»

«Сарыарқа» хоккей клубының бас бапкері Владимир Николаевич Князев жана маусым туралы алға қойған жоспарларымен бөлісті. Бұл туралы sauryarka-hc.kz сайты жариялады.

Қазір команда жиналған. Алдымен, жиын өткіземіз, содан кейін физикалық тексеруге көшуіміз жоспарлап отыр.

– Кейін жоспар бойынша жаттығу сабақтары, жиындар басталады. Бұл жұмыстардың барлығы 22-31 тамыз аралығында Көкшетау қаласында өтетін Қазақстан кубогына дейін өтуі тиіс. Құрамымыз нөлдес жасақтауға тура келді. Жергілікті жігіттер алынды, барлығы спорттық принцип бойынша реттелді. Ресейліктер бар, өйткені, мықтылар қажет, – дейді Владимир Николаевич.

Сондай-ақ, жаттықтырушы жергілікті хоккейшілерде жақсы деңгей бар екенін, өткен маусымда Р.Деминнің жақсы ойын көрсеткенін атап өтті. «Сарыарқа» клубының соңғы жылдары Қазақстан және Ресей чемпионатында жеңіске жетіп жүргеніне тоқталды. Іс жүзінде қиын болатынын, бірақ, команданың дәстүрін сақтап, әрқашан жеңіске жеткісі келетінін қадап айтты.

## • ФУТЗАЛ

## «Тұлпар» тұғырлана ма?

«Тұлпар» ШФҚ Экс-президенті Анатолий Смотрицкий клубтың жандануы туралы ақпаратты жоққа шығарды, деп хабарлайды Sports.kz, Meta-ratings.kz сайтына сілтеме жасай отырып.

А.Смотрицкий «Футзал Қазақстан» телеграм-каналына берген сұхбатында «Команда болмайды», – деп қысқа қайырған. Смотрицкий басқа ақпаратпен бөліспеді.

Бұған дейін әлеуметтік желіде Қарағанды футбол клубының жандануы туралы ақпарат тараған болатын.

2016 жылы клуб елеулі қаржылық қиындыққа тап болып, чемпионаттан шығуға мәжбүр болды. Алайда, «Тұлпардың» дарынды жастары жұмысын жалғастырған. Тіпті, қазір бірқатар қазақстандық клубтарда Қарағандының тәрбиеленушілері өнер көрсетіп жүр.

«Тұлпар» 2001 жылы құрылған еліміздегі ең мықты командалардың бірі болды және чемпионат жүлдегері, Қазақстан кубогы мен Суперкубогының бірнеше дүркін иегері екенін атап өткен жөн.

Дайындаған  
Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

## ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімі  
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Адрағат» ЖШС  
Директор – Қ.Ж. ӘБІЛДА  
Директордың орынбасары –  
«Индустриальная Караганда»  
газетінің бас редакторы –  
О.В. МЯГКИХ  
Директордың орынбасары –  
Г.Ш. ЖУМАДИЛДИНОВА

Телефондар:  
Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Призерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шақтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.  
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD003131,  
БИК KСJВKZKХ БИН 000840001412

Таралымы 4 463  
№77 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор ЕРҚАНАТ КЕЧЕСБЕКҰЛЫ